

**ЕСЕМБЕК МАДИНА ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ**

**Дәнді-дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана  
отырып нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдіру**

8D07201 – Тамақ өнімдерінің технологиясы

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
техника ғылымдарының кандидаты,  
Тарабаев Балташ Каримович,  
Инжиниринг және азық-түлік  
технологиялары институтының  
қауымдастырылған профессорының м.а.,  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
техника ғылымдарының докторы,  
Кузнецова Лина Ивановна,  
Нан пісіру өнеркәсібі ғылыми-зерттеу  
институтының Санкт-Петербург  
филиалының бас ғылыми қызметкері,  
Санкт-Петербург қаласы, Ресей  
Федерациясы.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                               |           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>                                                                                                                            | <b>4</b>  |
| <b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚARTУЛАР.....</b>                                                                                                                       | <b>6</b>  |
| <b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>                                                                                                                                       | <b>7</b>  |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                                                                           | <b>10</b> |
| <b>1 ӘДЕБИ ШОЛУ.....</b>                                                                                                                                      | <b>14</b> |
| 1.1 Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалану негізінде нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдірудің қазіргі заманғы аспектілері..... | 14        |
| 1.2 Күріш және қарақұмық дәнін қайта өңдеудің екіншілік шикізатын нан-тоқаш өнімдерін өндіруде пайдаланудың артықшылықтары мен болашағы.....                  | 18        |
| 1.3 Кешенді ашымалда нан дайындау технологиясы.....                                                                                                           | 23        |
| 1 - бөлім бойынша қорытынды.....                                                                                                                              | 27        |
| <b>2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....</b>                                                                                                                  | <b>28</b> |
| 2.1 Зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу сұлбасы .....                                                                                                       | 28        |
| 2.2 Зерттеу нысандары .....                                                                                                                                   | 30        |
| 2.3 Зерттеу әдістері.....                                                                                                                                     | 31        |
| 2.3.1 Шикізаттың сапасын зерттеу әдістері .....                                                                                                               | 31        |
| 2.3.2 Жартылай фабрикаттардың сапасын зерттеу әдістері .....                                                                                                  | 33        |
| 2.3.3 Дайын өнімнің сапасын зерттеу әдістері .....                                                                                                            | 34        |
| 2.3.4 Микробиологиялық зерттеу әдістері.....                                                                                                                  | 35        |
| 2.3.5 Дайын өнімнің қауіпсіздігін бағалау әдістері.....                                                                                                       | 35        |
| 2.4 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландырудың математикалық моделі.....                                  | 35        |
| 2.5 Деректерді талдау.....                                                                                                                                    | 37        |
| 2 - бөлім бойынша қорытынды.....                                                                                                                              | 37        |
| <b>3 ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ.....</b>                                                                                                                            | <b>39</b> |
| 3.1 Күріш және қарақұмық ұнтақтарының химиялық құрамын кешенді зерттеу.....                                                                                   | 39        |
| 3.2 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландыру.....                                                          | 42        |
| 3.3 Күріш және қарақұмық ұнтақтарының қамырдың реологиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу.....                                                                   | 48        |
| 3.4 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының қамыр мен дайын өнімнің сапасына әсерін зерттеу.....                | 52        |
| 3.4.1 Күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде кешенді ашымал дайындау технологиясын әзірлеу.....                                                             | 52        |
| 3.4.2 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының қамырдың физика-химиялық көрсеткіштеріне әсері.....               | 54        |

|       |                                                                                                                                                                                                   |     |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 3.4.3 | Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының дайын өнімнің физика-химиялық, органолептикалық және құрылымдық-механикалық сапа көрсеткіштеріне әсері..... | 54  |
| 3.4.4 | Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының сақтау процесі барасында нан-тоқыш өнімдерінің микробиологиялық тұрақтылығына әсері.....                    | 56  |
| 3.5   | «Береке» қайнатпа нанының технологиясы мен рецептурасын әзірлеу.....                                                                                                                              | 61  |
| 3.5.1 | Әзірленген нанның тағамдық және энергетикалық құндылығын есептеу.....                                                                                                                             | 64  |
| 3.5.2 | «Береке» қайнатпа нанының қауіпсіздік критерийлерін бағалау.....                                                                                                                                  | 67  |
| 3     | - бөлім бойынша қорытынды.....                                                                                                                                                                    | 69  |
| 4     | <b>ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТӘЖІРИБЕЛІК ТҮРҒЫДА ІСКЕ АСЫРУ.....</b>                                                                                                                                    | 70  |
| 4.1   | «Береке» қайнатпа нанының рецептурасы мен технологиясын өндірістік сынақтан өткізу.....                                                                                                           | 70  |
| 4.2   | Ғылыми әзірлеменің экономикалық тиімділігі.....                                                                                                                                                   | 70  |
| 4     | - бөлім бойынша қорытынды.....                                                                                                                                                                    | 75  |
|       | <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                                                                                                             | 76  |
|       | <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                                                                                                                       | 78  |
|       | <b>ҚОСЫМША А - Пайдалы модель патенттері.....</b>                                                                                                                                                 | 91  |
|       | <b>ҚОСЫМША Б - «Береке» қайнатпа нанын өндіру технологиясын өндірістік сынау актісі.....</b>                                                                                                      | 102 |
|       | <b>ҚОСЫМША В - «Береке» қайнатпа нанын өндіру технологиясын енгізу актісі.....</b>                                                                                                                | 106 |
|       | <b>ҚОСЫМША Г - «Береке» қайнатпа наны. Техникалық шарттар» ұйым стандарты.....</b>                                                                                                                | 107 |
|       | <b>ҚОСЫМША Д - Дегустациялық комиссия отырысының хаттамасы. Сынақ хаттамалары.....</b>                                                                                                            | 119 |
|       | <b>ҚОСЫМША Е- Ғылыми тағылымдама сертификаттары .....</b>                                                                                                                                         | 145 |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Зерттеу барысында келесі стандарттар пайдаланылды:
- МемСТ 27493-87. Ұн және кебек. Қышқылдықты шайқау арқылы анықтау әдісі.
- МемСТ 10846-91. Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Ақуызды анықтау әдісі.
- МемСТ 29033-91. Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Ақуызды анықтау әдісі.
- МемСТ Р 55569-2013. Жем, құрама жем, құрама жем шикізаты. Капиллярлық электрофорез әдісімен протеиногендік аминқышқылдарды анықтау.
- МемСТ 30623-2018. Өсімдік майлары және май фазасының аралас құрамы бар өнімдер. Бұрмалануды анықтау әдісі.
- МемСТ 30178-96. Шикізат және азық-түлік өнімдері. Уытты элементтерді анықтаудың атомдық-абсорбциялық әдісі.
- МемСТ 31748-2012. Азық-түлік өнімдері. Дәнді дақылдарда, жаңғақтарда және оларды қайта өңдеу өнімдерінде В1 афлатоксинін және В1, В2, G1 және G2 афлатоксиндерінің жалпы құрамын анықтау. Тиімділігі жоғары сұйықтық хроматографиясы әдісі.
- МемСТ 32689.2-2014. Өсімдік тектес тағамдық өнім. Пестицидтердің қалдықтарын газохроматографиялық анықтауға арналған мультиәдістері. 2-бөлім. Экстракция және тазалау әдістері.
- МемСТ 21094-2022. Нан-тоқаш өнімдері. Ылғалдылықты анықтау әдістері.
- МемСТ 27669-88. Наубайханалық бидай ұны. Нанды сынамалы зертханалық пісіру әдісі.
- МемСТ 5668-2022. Нан-тоқаш өнімдері. Майдың массалық үлесін анықтау әдістері.
- МемСТ 32343-2013. Жем, құрама жем. Атомдық-абсорбциялық спектрометрия әдісімен кальций, мыс, темір, магний, марганец, калий, натрий және мырыш құрамын анықтау.
- МемСТ 31675-2012. Жем. Аралық сүзгіні қолдана отырып, шикі клетчатка құрамын анықтау әдістері.
- МемСТ 10444.15-94. Азық-түлік өнімдері. Мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар санын анықтау әдістері.
- МемСТ 30178-96. Шикізат және азық-түлік өнімдері. Уытты элементтерді анықтаудың атомдық-абсорбциялық әдісі.
- ҚР СТ 2011-2010. Су, азық-түлік өнімдері, жем және темекі өнімдері. Хлорлы органикалық пестицидтерді хроматографиялық әдістермен анықтау.
- МемСТ 32161-2013. Азық-түлік өнімдері. Цезия Cs-137 құрамын анықтау әдісі.
- МемСТ 31747-2012. Азық-түлік өнімдері. Ішек таяқшалары тобындағы бактериялардың (колиформды бактериялардың) санын және пайда болуын анықтау әдістері.



МемСТ 31746-2012. Азық-түлік өнімдері. Коагулаз оң стафилококктар мен *Staphylococcus aureus* санын және пайда болуын анықтау әдістері.

МемСТ 28560-90. Азық-түлік өнімдері. *Proteus*, *Morganella*, *Providencia* тектес бактерияларды анықтау әдісі.

МемСТ 31659-2012. Азық-түлік өнімдері. *Salmonella* тектес бактерияларды анықтау әдісі.

МемСТ 10444.12-2013. Азық-түлік және мал азығы микробиологиясы. Ашытқылар мен зең саңырауқұлақтарының пайда болуын анықтау және санын есептеу әдістері.

МемСТ 32677-2014. Нан-тоқаш өнімдері. Терминдер және анықтамалар.

МемСТ 5670-96. Нан-тоқаш өнімдері. Қышқылдықты анықтау әдістері.

МемСТ 5669-96. Нан-тоқаш өнімдері. Кеуектілікті анықтау әдісі.

МемСТ 5672-2022. Нан-тоқаш өнімдері. Қанттың массалық үлесін анықтау әдістері.

МемСТ ISO 7218-2015. Азық-түлік және мал азығы микробиологиясы. Микробиологиялық зерттеулерге қойылатын жалпы талаптар мен ұсыныстар.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

|              |                                                                                                    |
|--------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ЖШС          | - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік                                                              |
| НПӨҒЗИ ФМАҒМ | - «Нан пісіру өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік автономды ғылыми мекемесі |
| ЕШР          | - екіншілік шикізат ресурстары                                                                     |
| АПК          | - агроөнеркәсіптік кешен                                                                           |
| ХАССП        | - қауіптілікті талдау және сыни бақылау нүктелері                                                  |
| МемСТ        | - Мемлекеттік стандарт                                                                             |
| ССК          | - сүт сарысуы концентраты                                                                          |
| ҚҚҰ          | - құрамында қанты бар қызылша ұнтағы                                                               |
| КСК          | - квас суслосының концентраты                                                                      |
| СҚБ          | - сүт қышқылы бактериялары                                                                         |
| ҚР СТ        | - Қазақстан Республикасының стандарты                                                              |
| шт.          | - Штамм                                                                                            |
| ҚАТЗУ        | - Қазақ агротехникалық зерттеу университеті                                                        |
| ҒЗИ          | - Ғылыми-зерттеу институты                                                                         |
| КО ТР        | - Кеден одағының техникалық регламенті                                                             |
| ЧП           | - құлау саны                                                                                       |
| МАФАМС       | - мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар саны                                |
| ІТТБС        | - ішек таяқшалары тобындағы бактериялардың саны                                                    |
| ССҚ          | - су сіңіру қабілеті                                                                               |
| ГХЦГ         | - Гексахлорциклогексан                                                                             |
| ДДТ          | - дихлордифенил трихлорметилметан                                                                  |
| АДКШ         | - алдын ала дайындалған көлік шығындары                                                            |
| Ж            | - Жалақы                                                                                           |
| БӘС          | - бірыңғай әлеуметтік салық                                                                        |
| ТӨҚ          | - толық өзіндік құн                                                                                |

## АНЫҚТАМАЛАР

**Негізгі өнім** – осы өндіріс жүзеге асырылатын және құрылған өнім. Негізгі өнім әрқашан тауарлық болып табылады, оның стандарты мен бағасы бар.

**Жанама өнім** – негізгі өнімді өндіру кезінде түзілетін және осы өндірістің мақсаты болып табылмайтын, бірақ басқа өндірісте шикізат ретінде немесе дайын өнім ретінде тұтыну үшін жарамды қосымша өнім.

**Өндіріс қалдықтары** – өндіріс процесінің барысында немесе аяқталғаннан кейін пайда болған, осы қызметке тікелей байланысты пайдаланылмайтын және өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар, өзге де өнімдер мен азық-түлік қалдықтары.

**Күріш ұнтағы** – күріш дәнін қайта өңдеуде алынатын екіншілік шикізат. Күріш ұнтағы күрішті ақтау және ажарлау кезінде алынатын жанама өнімге жатады. Химиялық құрамы мен жұғымды заттарының мөлшері жағынан құнды өнімге жатады.

**Қарақұмық ұнтағы** – қарақұмық дәнін қайта өңдеуде алынатын екіншілік шикізат. Қарақұмық ұнтағын қарақұмықты ақтау кезінде алынатын жанама өнімге жатады.

**Дайын өнім** – бұл ұйымның немесе тапсырыс берушінің (сатып алушының) қоймасына қабылдаған, қолданыстағы стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкес келетін, өңделуі толық аяқталған өнімдер мен жартылай фабрикаттар.

**Нан-тоқаш өнімдері** – нан-тоқаш өнімдері үшін негізгі шикізаттан немесе нан-тоқаш өнімдері үшін негізгі және қосымша шикізаттан өндірілетін өнім.

**Қайнатпа** – ұннан және судан немесе ұннан, судан және нан-тоқаш өнімдеріне арналған қосымша шикізаттан дайындалған және крахмалды клейстерлеу сатысына дейін жеткізілген наубайхана өндірісінің жартылай фабрикасы.

**Қантталған қайнатпа** – ұнның өзінің амилолитикалық ферменттерінің әсерінен қантталған наубайхана өндірісіне арналған қайнатпа.

**Ашымал** – қоректік қоспаны сүт қышқылы бактерияларымен немесе сүт қышқылы бактерияларымен және нан пісіретін ашытқылармен немесе нан пісіру өнеркәсібінде қолданылатын басқа да микроағзалармен ашыту арқылы алынған наубайхана өндірісінің жартылай фабрикасы.

**Кешенді ашымал** – қамырды ферментациялауға бірлесіп қатысатын микроағзалардың бірнеше түрін (сүт қышқылы бактериялары мен ашытқыларды) қамтитын ашымал. Бұл ашымалды нан-тоқаш өнімдерінің микробиологиялық тұрақтылығын арттыру, дәмі мен хош иісін жақсарту мақсатында қолданады.

**Қайнатпа наны** – бұл ұнның бір бөлігін алдын ала қайнаған сумен немесе ыстық сумен (әдетте 65-90 °C) қайнатылып дайындалатын нан. Бұл процесс қайнату деп аталады және крахмалдың желатинденуіне ықпал етіп, нанды жұмсақ, хош иісті етеді және балғындықты ұзақ сақтайды.

**Нан-тоқаш өнімдерінің жұмсағы** – пісіру немесе қуыру процесінде қамырдан түзілетін нан-тоқаш өнімдерінің ішкі бөлігі (ылғалдылығы төмен нан-тоқаш өнімдерінен басқа).

**Жартылай фабрикатты дайындаудың өсіру циклі** – микроағзалардың таза дақылдарын немесе дайын ашымалды немесе құрғақ ашымалды дәйектілікпен көбейту жолымен ашымалды немесе сұйық наубайханалық ашытқыларды қайта шығару және аталған наубайхана өндірісінің көрсетілген жартылай дайын фабрикаттарының массасын өндірістік цикл үшін қажетті мөлшерге дейін жеткізу.

**Жартылай фабрикаттарды дайындаудың өндірістік циклі** – өндіріске қажетті жұмсалған мөлшерінің орнына қоректік қоспамен кезең-кезеңімен толтыру жолымен ашымалды немесе сұйық наубайханалық ашытқыларды дайындау.

**Жартылай фабрикаттарды ашыту** – ұнның дәмдік, хош иісті заттарды, ұнның ақуыздары мен көмірсуларын ыдырату өнімдерін жинақтау мақсатында ұн ферменттерінің, наубайхана ашытқылары мен сүт қышқылы бактерияларының әсерінен наубайхана өндірісінің жартылай фабрикаттарының тағамдық заттарының өзгеруі болатын технологиялық процестің кезеңі.

**Опарасыз әдісі** – рецептура бойынша барлық шикізаттан қамыр илеу және ашыту ұзақтығы 2 сағат немесе одан көп болатын бір сатыда қамыр дайындау.

**Қамыр дайындамасын жетілдіру** - белгілі бір температура мен ауаның салыстырмалы ылғалдылығында қамыр дайындамасын ұстап тұрудан тұратын қамырды бөлу операциясы.

**Нан-тоқаш өнімдерін сынамалы пісіру** – нан-тоқаш өнімдеріне арналған негізгі және қосымша шикізаттың нан пісіру қасиеттерін тексеру және бағалау мақсатында нан-тоқаш өнімдерін пісіру; нан-тоқаш өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштерін; нан-тоқаш өнімдерінің шығымын; технологиялық процесс параметрлерін; нан-тоқаш өнімдерін дайындаудың әртүрлі әдістерін; технологиялық жабдықты, нан пісіру қалыптарын, нан пісіру табақтарын, қаңылтыр табақтарды, наубайхана камерасының табақтарын немесе люлькаларын майлауға арналған орау материалдары мен майлау құралдарының шығыс нормалары және т.б.

**Жартылай фабрикаттың көтергіш күші** – берілген жағдайда микроағзалардың тіршілік әрекетін сипаттайтын наубайхана өндірісінің жартылай фабрикатын қопсыту процесінің көрсеткіші.

**Жетілдіре иленбеу** – нан-тоқаш өнімдерінің жұмсағында араласпай қалған шикізат түріндегі нан-тоқаш өнімдерінің ақауы.

**Залалдану** - ылғалдылығы төмен нан-тоқаш өнімдерінде көзбен шолып анықталатын астық қоры зиянкестерінің болуы.

**Нан-тоқаш өнімдерінің ауруы** – нан-тоқаш өнімдерін пайдалануға жарамсыз ететін микроағзалардың дамуы нәтижесінде нан-тоқаш өнімдерінің ерекше зақымдануы.

**Нан-тоқаш өнімдерінің көгеруі** – дайын нан-тоқаш өнімдерін контаминациялайтын, түрлі түсті көрінетін мицелий құрайтын әртүрлі текті зен саңырауқұлақтарынан туындаған нан-тоқаш өнімдерінің ауруы.

**Нан-тоқаш өнімдерінің «картоп» ауруы** – нан-тоқаш өнімдерінің «*Basillus*» тектес спора түзетін бактерияларынан туындаған және нан-тоқаш өнімдерінде ерекше жағымсыз иістің және нан жұмсағында шырышты жіптердің болуымен сипатталатын нан-тоқаш өнімдерінің ауруы.

**Антиоксиданттар** – тотығуды тежейтін заттар; көптеген химиялық заттардың кез келгені, оның ішінде ағза қызметінің табиғи өнімдері және еркін радикалдар мен басқа да заттардың тотығу әсерін бейтараптандыра алатын тамақпен бірге түсетін қоректік заттар.

**Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі** – адамға және болашақ ұрпаққа зиянды әсерге байланысты жол берілмейтін қатердің жоқтығын куәландыратын азық-түлік өнімдерінің жай-күйі.

**Биологиялық құндылық** – ақуызды синтездеу үшін ағзаның аминқышқылдарының қажеттіліктеріне оның аминқышқылдарының құрамының сәйкестік дәрежесін көрсететін тағамдық ақуыз сапасының көрсеткіші.

**Дәрумендер** – адам ағзасында синтезделмейтін, сырттан түсетін, азық-түлік құрамында энергетикалық және пластикалық қасиеттері жоқ, аз мөлшерде биологиялық әсер ететін органикалық сипаттағы төмен молекулалық қосылыстар.

**Макроэлементтер** – адам ағзасында едәуір мөлшерде (бірнеше ондаған грамнан бірнеше килограмға дейін) болатын органикалық емес химиялық заттар тобы. Макроэлементтер тобына натрий, калий, кальций, фосфор және т.б. жатады.

**Микроэлементтер** – адам ағзасында неғұрлым аз мөлшерде (бірнеше грамнан граммның оннан бір бөлігіне дейін және одан аз) болатын органикалық емес химиялық заттар тобы. Мұндай заттарға: темір, марганец, мыс, мырыш, кобальт, молибден, кремний, фтор, йод және т.б. жатады.

**Тағамдық құндылық** – адамның энергияға және негізгі тамақ заттарына физиологиялық қажеттілігін қамтамасыз ететін азық-түлік өнімдерінің қасиеттерінің кешені.

**Уытты элементтер** – тірі ағзалардың өсуі мен дамуына, физиологиялық процестерге теріс әсер етуі мүмкін химиялық элементтер. Сынап, кадмий, қорғасын, таллий неғұрлым уытты элементтер болып саналады.

**Энергетикалық құндылық** – адам ағзасында оның физиологиялық функцияларын қамтамасыз ету үшін азық-түлік өнімдерінен босатылатын энергия мөлшері (ккал, кДж).

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың өзектілігі.** Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «ұлттық экономиканың стратегиялық өзін-өзі қамтамасыз етуін қамтамасыз ету үшін жедел түрде жаңа азық-түлік өнімдерін дамытуға кірісу керек», - деп атап өтті [1].

Қазіргі уақытта әлемде өндірілетін адамдардың тұтынуы үшін жарамды барлық азық-түлік өнімдерінің үштен бірі дерлік қалдықтарға кетеді. №12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» орнықты даму мақсаты шеңберінде қойылған міндеттердің бірі 2030 жылға қарай тұтынушылар деңгейінде де, жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде де халықтың жан басына шаққандағы азық-түлік қалдықтарының санын екі есеге қысқарту болып табылады [2].

Еліміздің 450-500 мың т шамасында күріш өндіруге мүмкіндігі бар. Ал қауыздалмаған күрішті өңдеуде одан 10-15% ұнтақ шығады. Бұл күріш қорының өте ауқымды екенін көрсетеді [3-11].

Бірнеше зерттеулер қарақұмықты өңдеуде түзілген өнімдердің құнды екенін айтады. Олар жақсы сіңеді әрі тағамдық құндылығы жоғары. Сондай-ақ гликемиялық индексі төмен [12].

Қарақұмықты қайта өңдеуде жанама өнім ұнтақ түзіледі. Оның артықшылығы химиялық құрамының бай болуы. Ол табиғи биологиялық белсенді компоненттердің түрлерін қамтиды. Оны азық-түлікке қосқанда адамға пайдалы болады.

Жоғарыда баяндалған ақпараттың негізінде дәнді дақылдарды қайта өңдеу нәтижесінде алынатын екіншілік шикізат ресурстары азық-түлік өнімдерін байыту үшін құнды шикізат болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Оларды пайдаланудың неғұрлым тиімді бағыты наубайхана өнеркәсібі болып табылады, өйткені нан-тоқаш өнімдері халықтың әртүрлі топтарының тамақтануында маңызды орын алады. Көптеген дамыған елдерде адам рационындағы нан-тоқаш өнімдерін тұтыну рационның жалпы көлемінің 20-25% - ын құрайды.

Нан өндіруде күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолдану өнімнің сапасын арттырып қана қоймай, оны дәрумендер мен минералдарға байытады. Сонымен бірге оларды пайдалану екіншілік шикізатты ұтымды қолдануға мүмкіндік береді. Және осы ұнтақтардың негізінде дйындалған кешен ашымал дайын өнімнің қауіпсіздігіне әрі дәмдік қасиеттеріне оң етеді.

Сондықтан күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолданып тағамдық құндылығы жоғары нан өнімдерінің технологиясын жетілдіру бүнгі күннің өзекті мәселелері болып қала бермек.

**Зерттеу нысандары.** Зерттеу жұмысы кезінде келесі шикізаттар: «Абзал және Компания» ТС-де өндірілген күріш ұнтағы, «Егер» ЖШС-нен алынған қарақұмық ұнтағы қолданылды. Сонымен бірге осы ұнтақтар негізінде жасалған кешенді ашымал, қамыр және күріш пен қарақұмық ұнтақтары қосылған бидай наны зерттеудің нысаны ретінде қарастырылды.

**Зерттеудің мақсаты.** Күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде дайындалған кешенді ашымалды пайдалану арқылы бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнынан пісірілетін нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдіру, олардың тағамдық құндылығы мен микробиологиялық қауіпсіздігін арттыру.

Мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер қойылды:

- дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты болып табылатын күріш және қарақұмық ұнтақтарын нан-тоқаш өнімдерін өндіруде қолданудың орындылығын негіздеу;

- күріш және қарақұмық ұнтақтарының қамырдың реологиялық қасиеттеріне әсерін анықтау және дайын өнімнің ең жақсы сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін олардың оңтайлы қатынасын белгілеу;

- күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде кешенді ашымал дайындау технологиясын әзірлеу және оның сақтау кезінде нанның сапасы мен микробиологиялық тұрақтылығына әсерін анықтау;

- күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып, бидай нанының рецептурасын, технологиясын және нормативтік-техникалық құжаттамасын әзірлеу;

- әзірленген нанның тағамдық құндылығын және санитариялық-гигиеналық көрсеткіштерін бағалау, жаңа технологияны өндірістік жағдайда сынақтан өткізу және нан өндірісінің экономикалық тиімділігін есептеу.

**Зерттеу әдістері.** Шикізаттың, жартылай фабрикаттардың қасиеттерін және дайын өнімнің сапасын зерттеу барысында осы жұмыста диссертация мәтінінде сипатталған стандартты жалпы, сондай-ақ арнайы әдістер пайдаланылады. Шикізаттың сапасына талдау жүргізу үшін: «КВАНТ-Z.ЭТА-T» спектрометріндегі атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісі, «Agileny-1200» сұйықтық хроматографы, «Кристалюкс 4000 М» газ хроматографы, «Капель 105» капиллярлық электрофорезі қолданылды. Күріш және қарақұмық ұнтақтары қосылған қамырдың реологиялық қасиеттерін анықтау үшін Chopin (альвеолинк жалғамасымен NG) альвеографы, Миксолаб 2 (CHOPIN Technologies, Франция) пайдаланылды. Нан жұмсағының құрылымдық-механикалық қасиеттері «Структурометр СТ2» құрылғысының көмегімен жүргізілді. Сондай-ақ микробиологиялық зерттеу әдістері пайдаланылды. Рецептуралық құрамды оңтайландыру үшін екінші реттегі рототабельдік жоспар (Бокс жоспары) пайдаланылды. Нәтижелердің статистикалық өңдеуі MS Excel бағдарламасы көмегімен орындалды. Факторлардың әсерін бағалау екі факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) әдісін қолдану арқылы жасалды. Орташа мәндер арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы 95% сенімділік деңгейінде ( $p \leq 0,05$ ) ең аз мәнді айырмашылық критерийі мен Дункан тесті арқылы анықталды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты – күріш және қарақұмық ұнтақтарын – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнына қосымша компонент ретінде қолдану негізінде нан-тоқаш өнімдерінің технологиясы

жетілдірілді. Бұл дайын өнімнің тағамдық құндылығының артуын қамтамасыз етеді;

- күріш және қарақұмық ұнтақтарын енгізудің оңтайлы мөлшері – 5% күріш ұнтағы және 10% қарақұмық ұнтағы екені алғаш рет математикалық модельдеу және экспериментті жоспарлау негізінде анықталды. Бұл қамырдың су сіңіру қабілетін, құрылымдық-механикалық және реологиялық қасиеттерін жақсартады. Сондай-ақ нан-тоқаш өнімдерінің сапасын жоғарылатады;

- алғаш рет күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде кешенді ашымал алу технологиясы әзірленді. Оның қамыр мен нан қасиеттеріне оң әсері ғылыми тұрғыдан негізделді. Қамырдың қышқылдығының 3,3 есеге, ұшпа қышқылдар мөлшерінің 2,9 есеге артатыны анықталды. Сонымен қатар қант мөлшерінің 29 %-ға азаятыны дәлелденді. Кешенді ашымалды қолдану нанның микробиологиялық тұрақтылығын арттырып, көгеру мен картоп ауруының дамуын тежейтіні дәлелденді;

- кешенді ашымалды қолдану арқылы тағамдық құндылығы жоғары бидай нанының технологиясы мен рецептурасы әзірленді.

**Қолдану саласы.** Әзірленген «Береке» қайнатпа нанының технологиясы нан өндірісінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын, атап айтқанда күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып, нан-тоқаш өнімдерін өндіруде, жаппай тұтыну өнімдерінің ассортиментін кеңейту мақсатында қолданылуы мүмкін. Аталған технологияны нан-тоқаш өндірісінде өндіріске енгізуге ұсынуға болады.

**Жұмыстың тәжірибелік құндылығы** дәнді дақылдарды қайта өңдеу процесінде алынған екіншілік шикізатты ұтымды пайдаланудан тұрады. Сондай-ақ сапасы мен тұтынушылық қасиеттері жақсартылған нан-тоқаш өнімдерін өндіру технологиясын әзірлеуден тұрады. Атап айтқанда, күріш және қарақұмық ұнтақтары негізіндегі кешенді ашымалды пайдалана отырып, бидай нанын дайындау мүмкіндігі қарастырылған.

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып «Береке» қайнатпа нанын өндіру технологиясы «Master Bakery» ЖШС өндірістік цехында (Астана қ.) сынақтан өткізілген. Және өндірістік жағдайда енгізілген.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Береке» қайнатпа наны. Техникалық шарттар» атты ұйым стандарты әзірленіп, ресімделді. Бұл құжат жаңа нан түрін өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжат болып табылады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы пайдалы модельге ҚР-ның екі патентімен расталады: 2023 жылғы 6-шы қаңтардағы №7716 «Нан пісіру үшін ашымал дайындау тәсілі», 2023 жылғы 13-інші қаңтардағы №7736 «Қайнатпа бидай нанын өндіру тәсілі».

**Автордың жеке үлесі** нан өндіру технологиясында дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты – күріш және қарақұмық ұнтақтарының оңтайлы арақатынасын анықтаудан тұрады. Сондай-ақ күріш және қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып, «Береке» қайнатпа наның рецептурасы мен технологиясын әзірледі. Алынған деректерді талдады. Өндірістік сынақтар жүргізіп, нормативтік-техникалық құжаттама және ғылыми мақалалар



дайындады. Зерттеулер мен алынған мәліметтерді талдауды өз бетінше жүргізді. Мақалаларды дайындап, жұмысты өзі жазды.

**Жұмысты апробациядан өткізу.** Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері «Қазақстанның экономикасы және білімі: қазіргі жағдайы мен жаңа серпілістері» (Семей қ., 2021), «Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми-трансформация дәуірі» (Астана қ., 2022), «Тамақ және жеңіл өнеркәсіптеріндегі химиялық технология мен инженерияның заманауи даму тенденциялары» (Алматы қ., 2023) атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларды баяндалды және талқыланды. Әзірленген технология Астана қаласындағы «Master Bakery» ЖШС кәсіпорынының базасында өндірістік сынақтан өтті.

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми жұмыстардың саны 7-ні құрайды. Оның ішінде 1 (бір) мақала Scopus дерекқорына (CiteScore 2024 – 8,7, процентиль 87) кіретін журналда жарияланған, 3 (үш) мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған, 3 (үш) мақала Қазақстан Республикасының Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларының материалдар жинақтарында. Бұдан басқа, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК пайдалы моделіне 2 (екі) патент алынды.

**Диссертация жұмысының құрылымы.** Диссертациялық жұмыс мазмұннан, нормативтік сілтемелер тізімінен, белгілеулер мен қысқартулардан, анықтамалардан, кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиет тізімінен, қосымшалардан құралған. Жұмыс мәтіні 146 бетте баяндалған, оның ішінде 23 сурет, 25 кесте, 10 формула, 165 пайдаланылған әдебиеттер көздері және 6 қосымша келтіріліген.

## 1 ӘДЕБИ ШОЛУ

### 1.1 Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалану негізінде нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдірудің қазіргі заманғы аспектілері

Экономиканың агроөнеркәсіптік секторы көп қалдықты сала болып табылады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қалдықтардың көп мөлшерінің пайда болуымен байланысты.

Негізгі өнімнің шығымы кейде бастапқы шикізат массасының 15-30% -ын құрайды. Құнды қоректік заттардың едәуір мөлшерінен тұратын қалған бөлігі осы өндірістік процесте пайдаланылмайды, көбінесе қосымша өнім өндіру үшін екіншілік шикізат болып табылатын өндіріс қалдықтарына айналады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің нәтижесінде өнімдер мен қалдықтардың мынадай түрлері қалыптасады:

Негізгі өнім – осы өндіріс жүзеге асырылатын және құрылған өнім. Негізгі өнім әрқашан тауарлық болып табылады, оның стандарты мен бағасы бар.

Жанама өнім – негізгі өнімді өндіру кезінде түзілетін және осы өндірістің мақсаты болып табылмайтын, бірақ басқа өндірісте шикізат ретінде немесе дайын өнім ретінде тұтыну үшін жарамды қосымша өнім.

Өндірістің жанама өнімдері шикізатты физика-химиялық қайта өңдеу нәтижесінде негізгі өніммен бірге бірыңғай технологиялық циклде пайда болады және құрамындағы пайдалы қоректік заттарды өзгеріссіз сақтайды.


Жанама өнімдер, әдетте, тауарлық болып табылады, стандарты немесе техникалық шарттары және белгіленген бағасы болады.

Өндіріс қалдықтары – өндіріс процесінің барысында немесе аяқталғаннан кейін пайда болған, осы қызметке тікелей байланысты пайдаланылмайтын және өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар, өзге де өнімдер мен азық-түлік қалдықтары.

Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметі нәтижесінде пайда болатын ЕШР азықтық мақсатта пайдаланылады. Мәселен, ЕШР-ның 81%-ға жуығы жем өндірісі үшін, 11%-ы техникалық мақсатта және 1%-ы ғана тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады. Ал, шамамен 7%-ы пайдаланылмайды. ЕШР-нан алынатын өнімдердің үлесі 1-суретте көрсетілген.

Пайдаланылмайтын қалдықтар – бүгінгі күні олар үшін тікелей де, өңдеуден кейін де пайдалану мүмкіндігі немесе орындылығы белгіленбеген өндіріс қалдықтары.

Алайда прогрессивті технологиялық процестерді, озық техниканы, шикізаттың жаңа түрлерін енгізумен және өндірілетін өнімге сұраныстың өзгеруімен өндіріс қалдықтары өзінің қоғамдық пайдалылығын өзгерте алады. Мысалы, пайдаланылмайтын немесе аз пайдаланылатын шикізат басқа түпкілікті және аралық өнімдерді алу үшін бастапқы материал болып, тауар сапасын жақсартып сатып алу және сату нысанына айналуы мүмкін [13].



Сурет 1 – Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің екіншілік шикізат ресурстарын пайдаланудың негізгі бағыттары, %

Өндіріс саласына шикізат қалдықтарын тарту, оларды қайта пайдалану рециклинг деп аталады. Рециклинг еңбек шығындарын үнемдеумен бір мезгілде агроөнеркәсіптік кешеннің шикізат базасын кеңейтуді қамтамасыз етеді. Екіншілік шикізаттан қосымша өнім шығару бірдей шикізат шығындарында түпкілікті өнім бірлігіне өндіріс шығындарының төмендеуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда жоғары сапалы тазартылған тамақ өнімдерінің көптігіне карамастан, халықты дайын өнімді байытатын тағамдық заттар мен функционалды ингредиенттерінің құрамы бойынша теңдестірілетін өнімдермен қамтамасыз ету қажеттілігі өткір мәселе болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтері бойынша, адам денсаулығының жай-күйі тек 15%-ы медициналық қызметті ұйымдастыруға байланысты, оның генетикалық ерекшеліктері де сонша, ал 70%-ы тамақтану сипаты мен өмір салтымен анықталады. Осы себепті, әсіресе дамушы мемлекеттерде және өтпелі экономикасы бар елдерде тамақтануды жақсарту шаралары міндетті түрде микронутриенттер (дәрумендер мен микроэлементтер) тапшылығының алдын алуды қамтуы керек [14].

Отандық және әлемдік тәжірибе көрсеткендей, халықтың микронутриенттермен қамтамасыз етілуін жақсартудың ең ұтымды және экономикалық тұрғыдан қолжетімді жолдарының бірі – жаппай тұтынылатын тағам түрлерін оларды қолдана отырып қосымша байыту болып табылады [15-17].


Нан – күнделікті тұтыну деңгейіне байланысты халық үшін өте маңызды өнім болып саналады. Зерттеулерге сүйенсек, елімізде әр адам жылына орташа есеппен 126-130 кг шамасында нан тұтынады [18]. Бидай және қара бидай дәндеріндегі В1, В6, Е, РР және фолий қышқылының дәрумендерінің құрамы теңестірілген және адамның қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Бидай мен

кара бидай дәндерін ұнға өңдеу микронутриенттердің – астық қабығымен бірге түзілетін дәрумендердің, минералдардың сөзсіз жоғалуымен қатар жүреді. Ұннан нан-тоқаш өнімдерін пісіру кезінде жылумен өңдеу осы маңызды биологиялық белсенді заттардың шығынын ұлғайтады. Сондықтан нарықта нан өнімдерін өндіруге арналған көптеген түрлі қоспалар ұсынылады, олардың құрамына нанды ақуыздармен, дәрумендермен, минералдармен және т. б. байытатын ингридиенттер кіреді [19].

Өсімдік шикізатын қайта өңдеу азық-түлікті байыту және жануарлар ақуыздарын ауыстыру үшін тағамдық ақуыздарды алудың ең жылдам және тиімді жолдарының бірі. Мұндай өнімдерге соя, бұршақ, күнбағыс және мақта, бидай кебегі, дәнді дақылдар жатады. Олардың құны жануарлардан алынатын ақуыздардың құнынан төмен. Шығу тегі әртүрлі ақуыздардың морфологиясы мен биологиясы бойынша әртүрлі сипаттамалары болғандықтан және бірлесіп қайта өңдеу кезінде бұл өнімдердің сапасына әсер ететіндіктен, құрамында әртүрлі байытқыштары бар нанның жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы технологиялық әдістер қолданылады. Оларды таңдау байытқыштардың қамырдың қасиеттеріне, соның ішінде қамырдың газ түзулу, газ және қалып ұстаушы қабілеттеріне, сондай-ақ оның құрылымдық-механикалық сипаттамаларына әсер ету дәрежесімен анықталады [20].

Минералдық заттарға бай табиғи шикізат түрлерінің бірі ұн-жарма өндірісінің өнімдері болып табылады. Оларға күріш, қарақұмық, сұлы, бұршақ, тары және басқа да ұн түрлерін жатқызуға болады. Дәнді және бұршақ дақылдарының әр түрлі анатомиялық бөлшектерін күнделікті тамақтануда пайдалану макро- және микроэлементтердің, дәрумендердің, аминқышқылдардың, ферменттердің, майлар мен көмірсулардың тепе-теңдігін жақсартып, адам денсаулығына оң әсерін тигізеді. Нан өндірісі барысында жергілікті дәстүрлі емес өсімдік шикізаттарын пайдалану ұн шығынын азайтуға және өнімнің тағамдық құндылығын жақсартуға мүмкіндік береді [21].

Нан-тоқаш өнімдерін байыту бойынша болашағы басым бағыттардың бірі жарма өндірісінің қайталама шикізаттарын пайдалану болып табылады. Астық дақылдарын жармаға өңдеудің жанама өнімдері құрамындағы пайдалы заттар мөлшері бойынша астықтан асып түседі. Осыған қоса, қайталама шикізаттарды өнімдерге байытқыш ретінде қолдану ресурсты үнемдейтін технология болып табылады және өнімнің өзіндік құнының төмендетуге себеп болады. Бұл әдіс өнімдерді биологиялық белсенді заттармен байытып қана қоймай, олардың сапасының артуына жағдай жасайды [22]. Астық өңдеу өнеркәсіптерінде қайталама шикізат ресурстары мен қалдық өнімдер астықты қоспалардан тазарту (астық қалдықтары, жемшөп астық өнімдері, олардағы жарамды астықтың құрамы бойынша санаттарға бөлінеді), оларды түпкілікті өнімдерге – ұнға, жармаларға (кебек, ұнтақ, қауыз, ұрық) өңдеу процесі кездерінде түзіледі. Астық өңдеу өнеркәсіптеріндегі екіншілік шикізат ресурстарының қалыптасуы мен пайдалану сұлбасы 2 суретте келтірілген.



Сурет 2 – Астық өңдеу өнеркәсібінде екіншілік шикізат ресурстарының қалыптасуы және пайдалану сұлбасы

Жарма өнеркәсібінің екіншілік шикізат ресурстары құрамы бойынша тағамдық құндылығы жоғары өнімдер қатарына жатады.

Жарма өндірісінің екіншілік шикізат ресурстары мен қалдықтарының ақуыздық кешені маңызды аминқышқылдық құрамы бойынша тұтас дән ақуызымен салыстырғанда анағұрлым толық болып келеді. Олардың құрамы РР, Е, В тобының дәрумендері, полиқанықпаған май қышқылдарынан тұрады. Минералды құрамына келетін болсақ, темір, калий, фосфор, марганецке бай болып келеді [23-25].

Жарма өндірісінің екіншілік шикізат ресурстары тамақ өнеркәсібінде, соның ішінде нан-тоқаш өнімдері және ұнды кондитерлік өнімдерді байыту үшін кеңінен қолданылады. Зерттеулерді бірінші сұрыпты бидай ұнын 6 % арпа ұнтағымен байыту нан өнімінің В тобы дәрумендерінің құрамын 7-10 %-ға арттыратындығы байқалған [26-27].

НПОҒЗИ ФМАҒМ қызметкерлері диабеттік мақсаттағы нан өнімдерінің технологиясын әзірледі, оның негізгі элементі арпа дәнін қайта өңдеу өнімдері бар ісінетін жартылай фабрикатты даярлау болып табылады, бұл арпа мен бидай ұндарының қоспасының ақуыздық заттарының толық ылғалдануына, қамырдың реологиялық көрсеткіштерін және нан-тоқаш өнімдерінің сапасын жақсартуға ықпал етеді [28].

Байытқыш қоспасы ретінде нан-тоқаш дайындау технологиясы жасалды. Оған соя ұны, бидай кебегі және сұлы ұлпектерінен құралған көп компонентті қоспаны қолданды [29].

Сонымен қатар ассортиментті кеңейту үшін зерттелер жасалған. Бидай және арпа дәндерінің алейрон қабатынан жаңа рецептуралар жасалды. Оған композиттік қоспалар пайдаланылды. Оның тағамдық құндылығы артты. Негізге бидай ұнынан жасалған нанның рецептурасы алынды [30].

Жоғарғы сұрыпты бидай ұнына арпа мен сұлы ұнтағын қосқан жұмыстар бар. Бұл жұмыста құлау саны көрсеткіші төмендеген. Яғни ферменттердің белсенділігі жоғарылаған [31].

Қорыта келсек, дақылдар шикізатын пайдалану кең таралған деп айтуға болады. Алайда пайдалану көрсеткіші әлі де төмен. Сондықтан екіншілік шикізатты зерттеу қызықты болып қала береді.


## **1.2 Күріш және қарақұмық дәнін қайта өңдеудің екіншілік шикізатын нан-тоқаш өнімдерін өндіруде пайдаланудың артықшылықтары мен болашағы**

Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі астық өндіруші және ол әр жыл сайын өндіретін астықтың жартысына жуығын экспорттай алады. Ресеймен және Украинамен бірге Қазақстан әлемдік астық жеткізуде «болашақтың басты ойыншысы» ретінде қарастырылады [32].

2023 жылғы 31 қаңтарда Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросы егістік алқаптары, жиналған алқаптар, негізгі дақылдардың өндірісі мен шығымдылығы туралы қорытынды есепті жариялады. 2022 жылы дәнді (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдарының жиналған алқабы 16 011,7 мың гектарды немесе нақтыланған егіс алқабының 99,4%-ын, майлы дақылдар тиісінше 3 364,6 мың гектарды және 97,2%-ды, көкөністер 169,9 мың гектарды және 99,8%-ды, картоп 198,7 мың гектарды және 99,6%-ды құрады (сурет 3) [33].

Жыл сайын дәнді дақылдарды жинаудан кейін өңдеу және қайта өңдеу кезінде Қазақстанда шамамен 3-4 миллион тонна қалдықтар түзіледі. Астықты қайта өңдеу кезінде пайда болатын қалдықтардың көпшілігі екіншілік шикізат ресурстары болып табылады, оларды қайта өңдеу шикізаттың жаңа көздерін тартпай-ақ көптеген құнды өнімдерді алуға мүмкіндік береді [34].

Қазіргі уақытта екіншілік шикізат жем өндіру мақсатында жұмсалады және бидай кебегінің жалпы санының аз ғана бөлігі нан өндірісінде және диеталық өнім ретінде пайдаланылады. Ұн тарту өндірісінде екіншілік шикізат ресурстарын өңдеуге арналған жаңа ресурс үнемдеуші технологиялардың, экологиялық зиянсыз және қалдықсыз технологиялық процестердің болашақ әзірлемелеріне бидай кебектері мен ұрық үлпектерін табиғи жағдайда емдік тамақтану үшін пайдалану жатады.



Сурет 3 – Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының жиналған алқабы

Бидай диеталық кебегінің құрамында 43-45%-ға дейін тағамдық талшықтар, 16%-ға дейін ақуыз, В, Е тобының дәрімендері бар. Көптеген аурулар, оның ішінде адамның ас қорыту жүйесі тағамда тамақ талшықтарымен жұтылған тазартылған өнімдерді пайдаланудан туындағаны анықталды.

Тағамдық талшықтардың табиғи көздері ретінде бидайдың арнайы өңделген қабықтарын пайдалану перспективалы [35-37].

Сонымен, күрішті жармаға өңдеу кезінде жанама өнім ретінде 13% ұнтақ және 19% қауыз түзіледі. Қарақұмықты қарақұмыққа өңдеу кезінде 6% ұнтақ және 20% қауыз алынады. Сұлыны сұлы жармасына өңдеу кезінде 9% ұнтақ және 27% қауыз пайда болады. Арпаны ячнелі (ұсақ) жармасына өңдеу кезінде 18% ұнтақ және 7% қауыз, ал арпаны перловка (ірі) жармасына өңдегенде 40% ұнтақ және 7% қауыз түзіледі [38].

Астық өңдеу өнеркәсібінің екіншілік ресурстарын ұтымды пайдалану мақсат етілген. Сондықтан елімізде өндірілетін дәнді дақылдарды қайта өңдеуде пайда болатын ұнтақтарға салыстырмалы талдау жүргізілді [39-47]. Нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Елімізде дәнді дақылдарды қайта өңдеу процесінде түзілетін ұнтақтардың салыстырмалы сипаттамасы

| № | Түзілетін ұнтақ түрлері | Ақуыз, % | Минералдар, % | Тағамдық талшық, % | Технологиялық қасиеттері                                                        |
|---|-------------------------|----------|---------------|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2                       | 3        | 4             | 5                  | 6                                                                               |
| 1 | Бидай ұнтағы            | 10-12    | 1,7           | 2-5                | Жақсы сағыздылыққа ие, бірақ биологиялық құндылығы төмен                        |
| 2 | Арпа ұнтағы             | 9-10     | 2,3           | 5-7                | Сағыздылық сапасын төмендетеді және қамырдың құрылымдық қасиеттерін нашарлатады |



1 - кестенің жалғасы

|   |                  |       |     |     |                                                                            |
|---|------------------|-------|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Сұлы ұнтағы      | 13-14 | 2,4 | 7-9 | Тұтқырлығын жоғарлатып, өнімнің кеуектілік көрсеткішін төмендетеді         |
| 4 | Күріш ұнтағы     | 14-15 | 2,1 | 4-6 | Су сіңіру қабілетін арттырып, қамырдың пілімділігін жақсартады             |
| 5 | Қарақұмық ұнтағы | 15-16 | 2,3 | 3-5 | Тұтқырлықты арттырып, қамырдың құрылымдық қасиеттерін жақсартады           |
| 6 | Жүгері ұнтағы    | 7-8   | 1,2 | 3-4 | Сағыздылық сапасын төмендеп, қамырдың құрылымдылық қасиеттерін нашарлатады |
| 7 | Қарабидай ұнтағы | 10-11 | 2,2 | 5-7 | Қамыр тұтқыр, газ ұстау қабілеті төмен                                     |
| 8 | Тары ұнтағы      | 10-11 | 1,9 | 2-5 | Қамырдың серпімділігі төмендеп, құрылымы ірі және біркелкі емес болады     |

1-кестеден күріш пен қарақұмық ұнтақтарының көрсеткіштері жоғары екені анықталды. Оларда ақуыз мөлшері, минералдар мен тағамдық талшықтар жоғары. Яғни тағамдық және биологиялық құндылығын көрсетеді.

Күрішт ұнтағы күріш дәннен ақуызы бойынша екі есе артық. Ал күріш жармасынан екі жарым есе. Сонымен қатар оның ақуыздарының көпшілігі суда еритін альбуминдер екені белгілі [48-51].

Сонымен қатар күріш ұнтағы майларғаа бай екені анықталды. Оның құрамында қаныққан және қанықпаған май қышқылдары бар. Сонымен қатар ұзын тізбекті де кездеседі [52].

Минералдық құрамы да өте бай. Кальций 2,1 есе, калий 7,5 есе, фосфор 6,5 есе көп екені анықталды [53].

Сонымен қатаар, күріш ұнтағындағы глютен мөлшері анықталды. Хема жүйесінің анықтамалық сынағы арқылы ондағы глютен мөлшері 2 мг/кн-нан аз болатыны және ол күріш ұнтағының глюютенсіз ұнды кондитерлік өнімдерін өндіру үшін рецептуралық компонент ретінде пайдаланыла алатыны анықталды [54].

Диссертациялық жұмыстың екінші қызығушылық тудыратын нысаны ретінде қарақұмық ұнтағы алынды. Ол дәрумендерге, минералдарға бай. Сондылықтанг тағамдық құндылығы мен антиоксиданттардың бар болуымен ерекшеленеді. Ақуыз мөлшері дәніне қарағанда екі жарым есе жоғары. Соныммен қатар майға және тағамдық талшықтар айтарлықтай көп [55].

Зерттеулерді талдау әлемде дәнді дақылдар бойынша әзірлемелердің көп екенін көрсетеді. Көп ғалымдардың қызығушылығы артқанын аңғаруға болады. Зерттеулердің терең әрі мәнді және тағамдық құндылықты арттыруға бағытталған [56-61].

Ғалымдар күріш ұнтағының дайын өнімнің сапасы мен тағамдық құндылығын бағалау негізінде нан-тоқаш өнімдерінің тағамдық құндылығына әсерін зерттеу бойынша зерттеулер жүргізді. Күріш ұнтағын бидай ұнынан пісірілген нанға байытқыш қосымша ретінде пайдалану ұсынылды. Күріш ұнтағын қамырға енгізу нан сапасының көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Күріш ұнтағының жалпы ұн массасына 15% мөлшері жоғары органолептикалық және физика-химиялық сапа көрсеткіштері бар өнім алу үшін неғұрлым оңтайлы болып белгіленді. Құрамында калий, кальций, фосфор және темір бар «Мечта» нанының рецептурасы әзірленді. Күріш ұнтағын рецептураға енгізе отырып нанның жаңа түрінің биологиялық құндылығы бақылау үлгісімен салыстырғанда жоғары екендігі дәлелденді. «Мечта» нанының қауіпсіздігінің критерийлері КО ТР 021/2011 талаптарына толығымен сәйкес келетіні анықталып, күріш ұнтағының функционалды нан технологиясында қолдануға болатындығын көрсетті.

Кубань мемлекеттік технологиялық университетінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде күріш ұнтағының III және IV фракцияларынан алынған липидті-ақуызды қоспаны қамырға енгізу сағыздың мөлшері мен сапасын арттыруға, сондай-ақ қанықпаған май қышқылдарының тотығуы арқылы қамырдың құрылымдық-механикалық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік беретіні анықталды. Нан-тоқаш өнімдерін өндіруде бидай ұнын 12% мөлшерінде липидті-ақуызды қоспамен алмастыру ең үлкен оң нәтиже беретіні анықталды. Нәтижесінде нан-тоқаш өнімдерінің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері жақсарып қана қоймай, тағамдық және физиологиялық құндылығы артады, сондай-ақ олардың сақталу мерзімі ұлғаяды [62-73].

Осылайша күріш пен қарақұмық дәнін қайта өңдеу процесінде екіншілік шикізат болып табылатын күріш пен қарақұмық ұнтақтарын пайдалану нан-тоқаш өнімдерін өндіру өндірісі үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Мұндай өсімдік тектес қоспаларды енгізу нан өнімдерін ақуыздармен, дәрумендермен, минералдық заттармен және тағамдық талшықтармен байыта отырып, олардың тағамдық құндылығын жоғарлатады. Күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолданудың артықшылықтарының орасан зор болғанымен, олардың бір маңызды кемшілігі бар: ұнтақтардағы липидтердің жоғары болуына байланысты олардың негізінде пісірілген нанның жарамдылық мерзімі біршама қысқарады. Сол себепті күріш пен қарақұмық ұнтақтарының тағамдық құндылығы тұрғысынан ерекше артықшылықтарына көңіл аудара отырып, нан-тоқаш өнімдерінің жарамдылық мерзімін ұзартуға және оның микробиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын, аталған ұнтақтардың негізінде нан-тоқаш өнімдерін өндірудің инновациялық технологияларын әзірлеу қажеттілігін атап өту өте маңызды.

### **1.3 Кешенді ашымалда нан дайындау технологиясы**

Нан-тоқаш өнімдері – дәмі мен хош иісі физиологиялық құндылығын анықтайтын және тәбет пен сіңімділікке әсер ететін өнім. Нанның хош иісіне бастапқы шикізат пен ұшпа заттар әсер етеді, олар оны дайындаған кезде өнімде жиналады [74-76].

Мұндай жағдайда олар серпімді болады, нан жұмсағының кеуектілігі артады, ескіру баяулайды, дәмінде ашымалда дайындалған нанның біркелкілігін анық сипаттайтын қышқылдық пайда болады [77].

Өздігінен ашытылған бидай ашымалының нан сапасына әсері туралы зерттеулер бар. Бидай ашымалын қамырдың массасына 20% және 30% қосу көмірқышқыл газының мөлшерінің жоғарлататыны және нан жұмсағының сығылуын жақсартатыны анықталды [78].


Микроағзалардың метаболиттері ашымал мен нан-тоқаш өнімдерінің сапасына әсер етеді. Ашымал құрамында сүт қышқылы бактериялары шығаратын сүт қышқылы және сірке қышқылы (және басқа да органикалық қышқылдар) бар және бұл нанға айрықша қышқыл дәм береді [79-81].

Микробиоманы алу немесе қалыптастыру тәсілі бойынша ашымалдардың жіктелуі 4-суретте көрсетілген.

Микробиоманы қалыптастыру ұзақтығы және қауіпсіз микробиотаны құру кепілгерліктерінің болмауы индустриялық кәсіпорындарда өздігінен ашытылған ашымалдарды қолдану мүмкіндігін шектейді. Өздігінен ашытылған ашымалдар негізінен тұрмыстық жағдайында қолданылады. Бастапқы дақылдарды қолдану ашымалдарды шығарудың қолайсыз кезеңдерін болдырмауға және жетілген ашымал алуды дайындаудың технологиялық процесін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Микроағзаларды бағытты өсіру арқылы алынатын ашымалдар өндірісті күтпеген жағдайлардан қорғайды, бұл әсіресе ХАССП қағидаттары бойынша жұмыс істейтін заманауи индустриалды өнеркәсіптер жағдайында маңызды.

Бағытты өсіру арқыл алынатын ашымалды қолдану айрықша дәмі мен иісі бар нан-тоқаш өнімдерін алуға мүмкіндік береді. НПОҒЗИ ФМАҒМ Санкт-Петербург филиалында сан-алуан алдын ала белгілі бір хош иісі мен дәмі бар нан-тоқаш өнімдерін дайындауға мүмкіндік беретін ашымалдарды шығарудың бірнеше сұлбалары әзірленген. Ашытудың әр түрі үшін микроағзалары белгілі бір алғашқы композициялары бар. Композициялардың микробтық құрамы ашымалдардың технологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген және ашыту циклінің бірінші фазасынан қауіпсіз және сапалы ашымал алуға мүмкіндік береді (сурет 4).

Бүгінгі таңда нан өнімдерінің сан алуан ассортиментінде өзінің қайталанбас дәмі мен хош иісінің арқасында қайнатпа нанның түрлері айырқша орын алады [82].



а – өздігінен ашытылатын ашымалдар; б – микроағзаларды бағытты өсіру арқылы алынатын ашымалдар.

Сурет 4 – Микробиомана қалыптастыру тәсілі бойынша ашымалдардың жіктелуі

МемСТ 32677-2014 бойынша «Нан-тоқаш өнімдері. Терминдер мен анықтамалар» қайнатпалардың келесідей 5 түрі белгілі: 1) өздігінен қантталған қайнатпа – ұнның амилolitikлық ферменттерінің әсерінен қантталған нан өндіру өндірісіне арналған қайнатпа; 2) қантталған қайнатпа – ұн мен уыттың амилolitikлық ферменттерінің немесе ферменттік препараттардың әсерінен

қантталған нан өндіру өндірісіне арналған қайнатпа; 3) қанталмаған қайнатпа – тез салқындатылған және қантталмаған нан өндіру өндірісіне арналған қайнатпа; 4) ашытылған қайнатпа – термофильді сүт қышқылы бактерияларының әсерінен ашыту процесінен өткен нан өндіру өндірісіне арналған қайнатпа; 5) божыған қайнатпа – наубайхана ашытқыларының немесе ашымалдардың әсерінен ашыту процесінен өткен нан өндіру өндірісіне арналған қайнатпа [83].

Сан алуан қайнатпалар термофильді ашымалдарға және сұйық ашытқыларға, қайнатпа қосылған сұйық қара бидай мен бидай ашымалдарына арналған қоректік қоспаларды дайындау үшін; престелген ашытқыны белсендіру үшін; қант түзу қабілеті төмен бидай ұнынан жасалған нан сапасын жақсарту үшін және қайнатпа нанын өндіру технологиясында қолданылады.

Қайнатпаны дайындау үшін бидай, қара бидай ұны немесе олардың қоспалары 1:1 қатынасында немесе құрғақ қайнатпа қолданылады. Қайнатпадағы ұн мен судың қатынасы 1:2,5. Қайнату машинасына ұн қосылады (қайнатуға кететін ұн мөлшерінің 90-95%) және температурасы 95-97 °C сумен араластырылады немесе өткір будың көмегімен 30-40 минут ішінде 63-65 °C температураға дейін қыздырылады. Қайнатпаның қантталуы үшін ұнның қалған Соңғы жылдары нан өндіру өндірісінде қайнатпа нанының түрлерін өндіруде дәстүрлі шикізаттың орнына сүт сарысуы концентраты (ССК), қантты меласса, құрамында қант бар қызылша ұнтағы (ҚҚҰ), квас суслосының концентраты (КСК), ақуыз концентраты, арпа-уыт сығындысы, «Рада» уытты-қантты концентраты сияқты және тағы да басқа шикізаттар пайдаланылуда. Бұл ретте аталған шикізаттар нанның дәмін жақсартып, жеңіл сіңімді ақуыздармен, көмірсулармен, минералдармен және дәрумендермен байытады [84-85].

Қазіргі заманғы нан өндіру өнеркәсіптерінде қайнатпа нанын дайындауда дәстүрлі технологияны – ашытылған (божыған), қантталған және термофильді қайнатпасын, қарқындатылған – «Вега» кешенді құрғақ қара бидай қайнатпасын немесе құрғақ қайнатпаны (ісінетін ұн), сонымен қатар кешенді ашымалда дайындау арқылы қолданылатыны белгілі. 5-суретте нанның қайнатпа түрлерін дайындауда қолданылатын технологиялардың жіктелу сұлбасы келтірілген [86].

Қамырды кешенді ашымалды дайындау технологиясының айқын ерекшеліктерінің бірі болып табылатын биотехнологиялық қасиеттерін жақсартудан басқа, пробиотикалық қасиеттерімен споралы микрофлораға антибиотикалық әсері бар мироағзалардың таза дақылдарының композициясын қолдана отырып, 32-34 °C температурада қантталған қайнатпаны ашыту және божыту көмегімен алынатын кешенді ашымалды пайдалану [87].



Сурет 5 – Нанның қайнатпа түрлерін өндіруге арналған технологиялардың жіктелу сұлбасы

Технология ерекшелігі қосымша қышқылдандырусыз қамыр дайындау мүмкіндігі. Технология еңбек шығындарының азаюына, нанның жеткілікті жоғары сапа көрсеткіштері мен энергия сыйымдылығының төмендеуіне байланысты тиімді.

Астық дақылдарын қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып дайындалған нан-тоқаш өнімдерінің жарамдылық мерзімі әдетте бес тәуліктен аз болады. Олар көгеру, бор және картоп аурулары сияқты микробтық бүлінулерге оңай бейімделеді, олар зең саңырауқұлақтары, ашытқы және спора түзетін бактериялардың тіршілік әрекеті нәтижесінде дамиды [88].

Нанның ең қауіпті және кең таралған ауруы – бұл ыстық климаты бар аймақтарда және жазда жиі кездесетін картоп ауруы. Соңғы жылдары микробтардың бүлінуінің дамуының қоздырғыш факторы болып табылатын полимерлі материалдардағы қаптамалардың кеңінен қолданылуына байланысты картоп ауруы жағдайларының тек оңтүстік аудандарда ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның солтүстік аудандарында көктемгі-жазғы кезеңінде де, қыста да

таралуы байқалуда. Бұл аурудың қоздырғыштары – *Bacillus* тұқымдасының спора түзетін бактериялары. Нанның картоп ауруының қоздырғыштарының споралары зең саңырауқұлақтарынан айырмашылығы, оның пісіргеннен кейінде дайын өнімде сақталуы.

Залалданған нан-тоқаш өнімдері біріншіден өзінің табиғи дәмі мен иісін жоғалтады, одан кейін залалдану дамыған сайын оның өзіне тән жағымсыз иісі артады, ал нанның иісі шірік реңкке ие болады [89]. Микотоксиндер зең саңырауқұлақтарымен зақымданған нанды тұтынатын адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін [90].

Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып дайындалатын нан-тоқаш өнімдерінің бүлінуі мен ластануы көптеген факторларға, соның ішінде шикізаттың микробтық тұқымдануы, кәсіпорынның санитарлық жағдайына, салқындату, буып-түю, сақтау, тасымалдау және т. б. режимдерінің дұрыс болмауына байланысты.

Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып жасалған нан-тоқаш өнімдерінің микробтық бүлінуін болдырмаудың тиімді жолы ашымалда дайындау технологияларын қолдану болып табылады.

Қазіргі уақытта микроағзалардың санын азайту үшін кавитациялық өңдеу, термиялық өңдеу, ультра жоғары жиілікті өңдеу, ферменттік препараттарды қосу және т.б. сияқты технологиялық әдістер бар [91-94].

Алайда бұл әдіс-тәсілдердің барлығы үлкен қаражатты талап етеді, технологиялық кезеңдердің ұзақтығын арттырады, астық өңдеу және нан-тоқаш өндіру өндірістерінде өндірістік желілер жағдайында пайдалануда қиындықтар туғызады. Сол себепті, осы диссертациялық жұмыстың аясында дайын нандағы микробиологиялық бұзылуды төмендетудің ең оңды нұсқасы қарастырылады.

Қорыта келе кешенді ашымалда нан дайындау технологиясың бірнеше артықшылықтары бар. Бұл технология тағамдық және биологиялық құндылықты жоғарылата алады. Дәмдік қасиеттерін біршама жоғарылатып, сақтау мерзімін ұзартады.

## **1 – бөлім бойынша қортынды**

Дұрыс тамақтану өнімдерін жасаудың қазіргі заманғы стратегиясы тағамдық рационды негізгі және биологиялық белсенді заттармен толыққанды қамтамасыз етуге кепілдік беретін тағамдық шикізатты қолданудан тұрады, сондықтан соңғы жылдары тағамдық құндылығы жоғары нан-тоқаш өнімдерін өндіру үшін жаңа дәстүрлі емес шикізат көздерін іздеу белсенді жүргізілуде.

Нан-тоқаш өнімдерін өндірудің қазіргі жай-күйіне келтірілген талдау өндіріске өсімдік шикізатын, атап айтқанда екіншілік астық ресурстарын өңдеудің ресурс үнемдейтін қауіпсіз технологияларын енгізу есебінен ассортиментті кеңейту қажеттілігін анықтауға мүмкіндік берді. Алайда мұндай шикізатты пайдалануда бірқатар физиологиялық және технологиялық қиындықтар бар.

Осы мәселелерді ескеере отырып елімізде жаңа техноллогияларды ізірлеу қажет.

## 2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

### 2.1 Зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу сұлбасы

Диссертациялық жұмыс дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып, нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын жетілдіруге арналған. Зерттеудің құрылымдық сұлбасы 6-суретте көрсетілген.

Эксперименттік зерттеулер С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының зертханаларында, Алматы технологиялық университетінің «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі» Ғылыми аккредиттелген зертханасында, «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Астана филиалының зертханасында, сондай-ақ Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы «Нан пісіру өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік автономды ғылыми мекемесінің Санкт-Петербург филиалының «Ғылыми-қолданбалы және технологиялық әзірлемелер бағыттары» зертханасының базасында шетелдік кеңесшінің басшылығымен жүргізілді.

Күріш пен қарақұмық дәндерін қайта өңдеудің екіншілік шикізатын – күріш және қарақұмық ұнтақтарын қолдану ғылыми, техникалық және патенттік әдебиет көздерінің теориялық зерттеулері негізінде жүзеге асырылды.


Нан-тоқаш өнімдерінің рецептуралық құрамын оңтайландыру қамырдың реологиялық қасиеттерін (ұнның наубайханалық және су сіңіру қабілеті) және дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу негізінде жүргізілді. Сынама пісіру жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді. Қамыр опарасыз әдіспен дайындалды.

Күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып, бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнынан жасалған нан-тоқаш өнімдерінің технологиясын әзірлеу кезінде қамырды дайындаудың 2 әдісі зерттелді: опарасыз және кешенді ашымалда дайындау. Бақылау үлгісі ретінде күріш пен қарақұмық ұнтақтары қосылмаған, қамырдың ылғалдылығы 47,0% болатын бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнынан жасалған бидай наны болды.

Қамырды опарасыз әдіспен дайындау бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнын, күріш пен қарақұмық ұнтақтарын құрғақ түрінде, рецепт бойынша ас тұзын, престелген наубайханалық ашытқыны, қантты және қамыр ылғалдылығын 48,0% қамтамасыз ететін мөлшердегі суды араластыру арқылы иленді.

Қамырды кешенді ашымалда дайындау *L. plantarum* 1, *L. brevis* E-120 (әрқайсысы 1,5 мл-ден) сүт қышқылы бактерияларының және *S. Cerevisiae* Л-1 штамы (1 мл сулы суспензиясы) ашытқыларының таза дақылдарын пайдалана отырып, 32-34 °С температурада күріш пен қарақұмық ұнтақтарынан жасалған қантталған қайнатпаны ашыту арқылы алынған кешенді ашымал қолданылды. суспензиялар). Қамырды бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнын, кешенді ашымалды, рецепт бойынша ас тұзын, престелген наубайханалық ашытқыны, қантты және қамыр ылғалдылығын 48,0% қамтамасыз ететін мөлшердегі суды араластыру арқылы иленді.





Сурет 6 – Зерттеуді жүргізудің құрылымдық сұлбасы

Иленген қамыр 30 °C температурада 60 минут бойы ашытылды.

Ашытылған қамыр қалыпталып 37-40 °C температурада және 75-80% ауаның салыстырмалы ылғалдылығында 40-55 минут бойы жетілдірілді,

жетілдірілген қамыр дайындамалары 23 минут ішінде 200 °С температурада ылғалданған наубайхана камерасында пісірілді.

Дайын өнімдер физика-химиялық, органолептикалық, құрылымдық-механикалық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша бағаланды.

Өндірістік сынақтан өткізу кезінде нан әзірленген рецептура мен технологияға сәйкес дайындалды. Жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдердің технологиялық параметрлері 3 – бөлімде келтірілген.

## 2.2 Зерттеу нысандары

Зерттеу нысандары күріш ұнтағы, қарақұмық ұнтағы, кешенді ашымал, қамыр және күріш пен қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып дайындалған бидай наны болды.

Зерттеулерде қолданылатын шикізаттың барлық түрлері қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді: МемСТ, ТИ, қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша – Кеден одағының техникалық регламенті КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», КО ТР 027/2012 «Мамандандырылған тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің, оның ішінде диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың қауіпсіздігі туралы», тағамдық қоспаларды қолдану бойынша – Кеден одағының техникалық регламенті КО ТР 029/2012 «Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық көмекші құралдардың қауіпсіздік талаптары».

Барлық шикізаттың түрлері зертханалық жағдайда алдын ала тексерілді және қолданылған шикізаттардың сапалық және қауіпсіздік көрсеткіштері нормативтік талаптарға сәйкестігі расталды.

Негізгі және қосымша шикізат ретінде пайдаланылды:

- бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны – МемСТ 26574-2017 бойынша;

- күріш ұнтағы – ұйымның хаттамаларымен расталған зертханалық сынақ нәтижелері бойынша;

- қарқұмық ұнтағы – ұйымның хаттамаларымен расталған зертханалық сынақ нәтижелері бойынша;

- қант – МемСТ 33222-2015 талаптарына жауап беретін;

- ас тұзы – МемСТ 13830-97 бойынша;

- престелген наубайханалық ашытқы – МемСТ 171-81 бойынша;

- ауыз суы – ҚР СТ МемСТ Р 51232-2003 талаптарына жауап беретін.

Сүт қышқылы бактерияларының (СҚБ) таза дақылдары ретінде:

- *Lactiplantibacillus plantarum* 1;

- *Levilactobacillus brevis* E-120 сұйық коректік ортада - уыт суслосында.

Сондай-ақ ашытқылардың таза дақылы ретінде *S. cerevisiae* Л-1 штамы (сулы суспензиясы) қолданылды.

Сүт қышқылы бактериялары мен ашытқылардың таза дақылдарының штамдары НПОҒЗИ ФМАҒМ Санкт-Петербург филиалының мұражай коллекциясынан алынды.

Жартылай фабрикаттар ретінде кешенді ашымал мен нанға арналған қамыр пайдаланылды.

## 2.3 Зерттеу әдістері

### 2.3.1 Шикізаттың сапасын зерттеу әдістері

Шикізатты талдау эксперименттер жүргізу үшін қажетті көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып дайындалған нан-тоқаш өнімдерінің рецептурасында қолданылатын шикізаттың сынамаларын алу және дайындау МемСТ 5667-2022 сәйкес жүргізілді [95].

Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнының сапасын ылғалдылық және құлау санының көрсеткіштері бойынша анықталды:

- ылғалдылық – МемСТ 9404-88 «Ұн және кебек. Ылғалдылықты анықтау әдісі» [96].

- құлау саны – МемСТ 27676-88 «Астық және оны қайта өңдеу өнімдері. Құлау санын анықтау әдісі» [97].

Күріш және қарақұмық ұнтақтарының сапасы физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштермен (түсі, дәмі, иісі) бағаланды. Келесідей көрсеткіштер анықталды:

- құрғақ заттар мен ылғалдың массалық үлесі МемСТ 9404-88 бойынша анықталды ;

- қышқылдығы – МемСТ 27493-87 бойынша [98];

- майдың массалық үлесі – МемСТ 29033-91 бойынша анықталды [99];

- көмірсулардың массалық үлесі – перманганатометриялық әдіс арқылы;

- ақуыздың массалық үлесі – МемСТ 10846-91 сәйкес жағуға арналған автоматтандырылған пешті және айдауға арналған құрылғыны пайдалана отырып Кьельдаль әдісі бойынша [100];

- аминқышқылдарының құрамы – МемСТ Р 55569-2013 бойынша «Капель» капиллярлық электрофорез жүйесін пайдалана отырып капиллярлық электрофорез әдісімен [101];

- май қышқылының құрамы МемСТ30623-2018 бойынша «Кристаллюкс-4000М» аналитикалық стационарлық газ хроматографымен анықталды [102];

- ауыр металдардың құрамы МемСТ 30178-96 бойынша атомдық абсорбциялық спектроскопия әдісімен анықталды [103];

- микотоксиндердің құрамы МемСТ 31748-2012 сәйкес жоғары тиімді сұйық хроматография әдісімен анықталды [104];

- пестицидтердің құрамы МемСТ 32689.2-2014 бойынша анықталды [105].

- мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалардың саны (МАФАМС) МемСТ 10444.15-94 бойынша анықталды [106].

### 2.3.2 Жартылай фабрикаттардың сапасын зерттеу әдістері

Зерттеулердегі жартылай фабрикаттар: СҚБ екі штамының (*L. plantarum* 1, *L. brevis* E-120) және *S. cerevisiae* Л-1 ашытқысының қоспасын пайдала отырып, 32-34°С температурада күріш пен қарақұмық ұнтақтарынан дайындалған қантталған қайнатпаны ашыту арқылы алынған кешенді ашымал және нан-тоқаш өнімдеріне арналған қамыр болды.

Жартылай фабрикаттардың физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау жалпы қабылданған әдістемелерге сәйкес жүргізілді.

Кешенді ашымалдың сапасы келесі параметрлермен бағаланды: температура, ылғалдылық, титрленетін және белсенді қышқылдық, көтергіш күші, сондай-ақ көлемнің ұлғаюы.

Қамырда температураны, ылғалдылықты, қышқылдықты, көлемнің ұлғаюы мен көтергіш күшін анықтадық.

Ылғалдылықты ВНИИХП-ВЧ ылғалдылығын анықтауға арналған құрылғыда кептіру жолымен экспресс әдіспен анықталды [107].

Титрленетін қышқылдық – МемСТ 5898-2022 сәйкес натрий гидроксиді ерітіндісімен фенолфталеиннің қатысуымен титрлеу әдісімен [108].

Белсенді қышқылдықты РН-метрінің көмегімен анықталды.

Температура 0 °С - тан 100 °С - қа дейінгі шкаласы бар техникалық термометрмен өлшенді.

Қамырдың көтергіш күшін шар әдісімен анықталды [109].

Көлемнің ұлғаюын МемСТ 27669-88 бойынша [110].

Реологиялық қасиет екі құрылғымен анықталды. Сурет 7-8.



Сурет 7 – Альвеолинк NG префиксі бар альвеограф



Сурет 8 – Миксолаб 2

Альвеографтың көмегімен қамырдың реологиясы осы әдіспен зерттелді [111].

Mixolab 2 құрылғысында қамырдың реологиялық қасиетін анықтадық [112].

### 2.3.3. Дайың өнімнің қауіпсіздігін бағалау әдістері

Нанның қауіпсіздігі, физика-химиялық көрсеткіштері осы әдіспен жасалды [113].

Дайын өнім қышқылдығы МемСТ 5670-96 сәйкес арбитраж әдісіне бойынша анықталды (фенолфталеиннің қатысуымен натрий гидроксиді ерітіндісімен титрленді және градуспен көрсетілді) [114].

Нан кеуектілігі МемСТ 5669-96 бойынша пайызбен көрсетіліп, Завьялов әдісімен анықталды [115].

Қанттың массалық үлесі Бертран әдісімен МемСТ 5672-2022 бойынша анықталды [116].

Сонымен қатар, нанның меншікті көлемі  $\text{см}^3/\text{г}$  түрінде көрсетіліп, арнайы өлшеуіштің көмегімен МемСТ 27669-88 бойынша анықталды.

Сақтау процесі кезінде нанның жұмсағының құрылымдық-механикалық қасиеттерін зерттеу үшін ылғалдылық, үгітілгіштік және қатты индексі сияқты нан жұмсағының физикалық қасиеттері анықталды. Зерттеу жұмыстары нанның жұмсағының ортасындағы температура 30-36 °C болған кезде, нан піскеннен кейін 2 сағаттан кейін жасалды, одан кейін олар перфорацияланған полиэтилен пакеттерге салынып, 20-22 °C (бөлме температурасында) сақталды. Тәжірибелік үлгілер 24, 48 және 72 сағаттан кейін талданды.

Нанның үгітілгіштігі жалпы қабылданған әдіс бойынша талданып, зерттелді.

Нанның жұмсағының физикалық қасиеті – қаттылық индексі СТ-2 структурометрінде талданып, зерттелді (сурет 9).



Сурет 9 – Структурометр СТ-2

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып дайындалған «Береке» қайнатпа нанының тағамдық құндылығын бағалау үшін жалпы қабылданған зерттеу әдістері қолданылды.

Ақуыздың массалық үлесі Кьельдаль әдісі бойынша МемСТ 10846-91 сәйкес жағуға арналған автоматтандырылған пешті және айдауға арналған құрылғыны пайдалана отырып анықталды.

Майдың массалық үлесі – МемСТ 5668-2022 бойынша [117].

Көмірсулардың массалық үлесі – перманганатометриялық әдіс бойынша.

Талшықтың құрамы МемСТ 31675-2012 бойынша анықталды [118].

B2 (рибофлавин), B3 (пантотен қышқылы), B5 (никотин қышқылы), B6 (пиридоксин) дәрумендерінің мөлшері «Капель 105» электрофорезінің көмегімен анықталды.

E дәруменінің мөлшері диодтық-матрицалық, флуоресцентті және рефрактометриялық детекторлармен жабдықталған «Agileny-1200» жоғары тиімді сұйық хроматографының көмегімен анықталды.

Минералды элементтердің құрамы МемСТ 32343-2013 бойынша «КВАНТ-Z.ЭТА-Т» спектрометріндегі атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісімен анықталды [119].

#### 2.3.4. Микробиологиялық зерттеу әдістері

Эксперименттер кезінде дайын өнімдерді микробиологиялық зерттеу әртүрлі әдістермен жүргізілді.

Микроағзаларды анықтау, себу және қайта себу үшін уыт сусласы мен МРС сұйық ортасы пайдаланылды [120-122].

Сынамаларды іріктеу мен оларды дайындау МемСТ ISO 7218-2015 бойынша жүргізілді [123].

Нанның картоп ауруын басу мүмкіндігін талдау үшін біз споралы бактериялармен залалданған дайын өнімдерді *B. Subtilis* дамуын тудыратын жағдайларға орналастыру тәсілін пайдаландық. Мұндай қолайлы жағдай жасау үшін қамырды илеу барысында спора түзетін *B. subtilis* бактерияларымен залалданған және құрамында  $10^8$  КОЕ/г спорасы бар құрғақ нан үгіндісі қосылды. Залалданған тәжірибелік үлгілердегі *B. subtilis* спораларының құрамын талдау үшін біз «Нан өндіру өндірісінің микробиологиясы» (Афанасьева О.В., 2003) кітабында жазылған тәсілді пайдаландық. Нанның картоп ауруының алдын алу жайлы нұсқаулық бойынша нан сақтауға қойылды [124]. Ол үшін нан пештен шыққан соң бірден дымқыл қағазға оралып, температурасы 37 °C болатын термостатқа салынды. 24 сағаттан кейін нан пышақпен кесіліп, ауру белгілерінің болуы, яғни ерекше жағымсыз иіс, нан жұмсағындағы жабысқақтық бар екені визуалды түрде анықталды. Арудың белгілері болмаған жағдайда, нан әрі қарай осындай жағдайда сақталды.

Нан дайындау технологиясының зеннің даму жылдамдығына әсерін анықтау үшін оның стерильді тілімдерін *Penicillium chrysogenum* зен саңырауқұлақтарының таза дақылымен жұқтыру арқылы модельдік тәжірибелер жүргізілді.

МАФАМС – МемСТ10444.15-94 бойынша анықталды.

Ішек таяқшалары тобындағы бактериялардың саны (ІТТБС) МемСТ 31747-2012 бойынша анықталды [125].

*Proteus* тектес бактериялардың болуы – МемСТ 28560-90 бойынша [126].

Тағы да басқа қосымша көрсеткіштер келесі әдістермен анықталды [127-129].

#### 2.3.5 Дайын өнімнің қауіпсіздігін бағалау әдістері

Әзірленген «Береке» қайнатпа нанында Кеден одағының техникалық регламентінің КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» талаптарында көзделген көрсеткіштер айқындалды, атап айтқанда: улы элементтердің, пестицидтердің, радионуклидтердің мөлшері және микробиологиялық қауіпсіздік сипаттамалары.

Улы элементтердің мөлшері (қорғасын, күшән, кадмий, сынап) МемСТ 30178-96 бойынша атомдық-абсорбциялық әдіспен анықталды.

Пестицидтердің (ГХЦГ және оның изомерлері, ДДТ және оның метаболиттері) мөлшері ҚР СТ 2011 бойынша хроматографиялық әдіспен анықталды [130].

CS-137 цезийдің мөлшері – МемСТ 32161-2013 бойынша [131].

Микробиологиялық көрсеткіштер, атап айтқанда, МАФАМС саны, ІТТБС, *Proteus* және *Salmonella* тектес бактериялардың, алтын түстес стафилококтың (*S. aureus*) болуы, сондай-ақ ашытқылар мен зең саңырауқұлақтарының саны 2.3.4 - бөлімінде сипатталған әдістерге сәйкес анықталды.

### 2.4 Күріш және қарақұмық ұнтағын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландырудың математикалық моделі

Математикалық модельді құрудың негізгі кезеңі – аралықтар мен параметрлердің түрлендіру деңгейлерін кодтау болып табылады. Кіріс факторларының аралықтары мен деңгейлерін кодтау шикізаттың шығу ерекшеліктері үшін жасалады.

Нан – тоқаш өнімдерінің рецептуралық құрамын оңтайландырудың математикалық моделін алу үшін регрессия теңдеуі құрайтын дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты пайдаланылады.  $x$  факторларының саны 3, ал тәжірибелер саны 20-дан асатын, нөлдік нүктедегі тәжірибелер саны 6 және теңдеу коэффициенттерінің саны 10 болатын екінші реттік рототабельді жоспар (Бокс жоспары) пайдаланылды.

Математикалық модель ретінде регрессиялық теңдеулер жүйесімен алынған математикалық – статистикалық әдістер қолданылады, олар оңтайландырудың ең қолайлы критерийінің қалғандарымен байланысын модельдейді.

Ұнның наубайханалық қабілетіне ( $U_1$ ), суды сіңіру қабілетіне ( $U_2$ ) және дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып дайындалған бидай нанының органолептикалық көрсеткіштеріне ( $U_3$ ) мынадай

факторлар әсер етеді: бидай ұнын қосу (W, г), күріш ұнтағын қосу (R, г), қарақұмық ұнтағын қосу (B, г).

Жоғарыда аталған факторлар нақты өндірістік жағдайларды анықтайды, сондықтан регрессиялық теңдеулер жүйесін осы факторларға сәйкес реттеген жөн.

Регрессия теңдеуі 1 – формулада берілген:

$$U_1 = b_0 + b_1x_1 + b_2x_2 + b_3x_3 + b_{12}x_1x_2 + b_{13}x_1x_3 + b_{23}x_2x_3 + b_{11}x_1^2 + b_{22}x_2^2 + b_{33}x_3^2 \quad (1)$$

Күріш және қарақұмық ұнтағын қолдана отырып нан – тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландырудың кіріс факторларының аралықтары мен деңгейлерін кодтау 1 – кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Кіріс факторларының аралықтары мен деңгейлерін кодтау

| Факторлар |        | Түрлендіру деңгейлері |     |     |     |       | Түрлендіру аралықтары |
|-----------|--------|-----------------------|-----|-----|-----|-------|-----------------------|
| Натуралды | Кодтау | -1,68                 | -1  | 0   | +1  | +1,68 |                       |
| W, г      | $x_1$  | 273,2                 | 280 | 290 | 300 | 306,8 | 10                    |
| R, г      | $x_2$  | 6,5                   | 10  | 15  | 20  | 23,4  | 5                     |
| B, г      | $x_3$  | 16,6                  | 20  | 25  | 30  | 33,4  | 5                     |

Эксперименттік бөлім құрастырылған жоспарлау матрицасына сәйкес жүргізілді. Эксперименттерді жоспарлау матрицасы 2 – кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Эксперименттік зерттеулердің рототабельді жоспарлау матрицасы

| №  | Кодталған мәндер |       |       | Натуралды мәндер |       |      | Эксперименттік мәндер |       |       |
|----|------------------|-------|-------|------------------|-------|------|-----------------------|-------|-------|
|    | $x_1$            | $x_2$ | $x_3$ | W, г             | R, г  | B, г | $U_1$                 | $U_2$ | $U_3$ |
| 1  | 2                | 3     | 4     | 5                | 6     | 7    | 8                     | 9     | 10    |
| 1  | -                | -     | -     | 280              | 10    | 20   |                       |       |       |
| 2  | -                | -     | +     | 280              | 10    | 30   |                       |       |       |
| 3  | -                | +     | -     | 280              | 20    | 20   |                       |       |       |
| 4  | -                | +     | +     | 280              | 20    | 30   |                       |       |       |
| 5  | +                | -     | -     | 300              | 10    | 20   |                       |       |       |
| 6  | +                | -     | +     | 300              | 10    | 30   |                       |       |       |
| 7  | +                | +     | -     | 300              | 20    | 20   |                       |       |       |
| 8  | +                | +     | +     | 300              | 20    | 30   |                       |       |       |
| 9  | -1,68            | 0     | 0     | 273,18           | 15    | 25   |                       |       |       |
| 10 | +1,68            | 0     | 0     | 306,82           | 15    | 25   |                       |       |       |
| 11 | 0                | -1,68 | 0     | 290              | 6,59  | 25   |                       |       |       |
| 12 | 0                | +1,68 | 0     | 290              | 23,41 | 25   |                       |       |       |



## 2 – кестенің жалғасы

| 1  | 2 | 3 | 4     | 5   | 6  | 7     | 8 | 9 | 10 |
|----|---|---|-------|-----|----|-------|---|---|----|
| 13 | 0 | 0 | -1,68 | 290 | 15 | 16,59 |   |   |    |
| 14 | 0 | 0 | +1,68 | 290 | 15 | 33,41 |   |   |    |
| 15 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |
| 16 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |
| 17 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |
| 18 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |
| 19 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |
| 20 | 0 | 0 | 0     | 290 | 15 | 25    |   |   |    |

### 2.5 Деректерді талдау

Барлық эксперименттік зерттеулер алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз ету және эксперименттік қателікті азайту мақсатында үш мәрте қайталанымда жүргізілді. Барлық қайталаулар бірдей жағдайларда орындалды, бұл эксперименттік деректердің қайталанымдылығын қамтамасыз етті.

Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу Microsoft Excel бағдарламалық жасақтамасын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Зерттелетін факторлардың әсерін салыстырмалы талдау дисперсиялық талдау әдістерінің көмегі арқылы жүргізілді. Айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы  $p \leq 0,05$  сенімділік деңгейінде бағаланды. Орта мәндер арасындағы айырмашылықтар 2 факторлы дисперсиялық талдау аясында ең аз мәнді айырмашылық өлшемшарты және Дункан тестін қолдану арқылы анықталды.

Берілген кестелерде және графикалық материалдарда ұсынылған сенімділік аралықтары пайдаланылған зерттеу әдістерінің дәлдігі мен сенімділігін көрсетеді.

### 2 – бөлім бойынша қорытынды

Бұл бөлімде дәнді дақылдардың екіншілік шикізаты болып табылатын күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып алынған шикізаттың, жартылай фабрикаттың және дайын өнімнің сапалық көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылған зерттеу нысандары мен әдістері қарастырылды. Физикалық-химиялық, органолептикалық, құрылымдық-механикалық және микробиологиялық зерттеу әдістерін қамтитын эксперименттерді жүргізу сұлбасы жасалды. Дайын өнімнің қауіпсіздігін бағалау үшін КО ТР 021/2011 талаптарында көрсетілген көрсеткіштер: улы элементтер, радионуклидтер, пестицидтер және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттеу әдістері келтірілді.

Нан-тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландыру үшін екінші ретгі рототабельді жоспар негізінде регрессиялық модель жасалып, күріш пен қарақұмық ұнтақтарының үлесін бидай ұнының технологиялық қасиеттеріне ( $U_1$ ,  $U_2$ ) және органолептикалық көрсеткішіне ( $U_3$ ) әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу, оның ішінде қайталыным,  $p \leq 0,05$

деңгейіндегі дисперсиялық талдау және Дункан тесті арқылы алынған деректердің сенімділігін бағалауға бағытталды.

### 3 ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

#### 3.1 Күріш және қарақұмық ұнтақтарының химиялық құрамын кешенді зерттеу

Астықты ұнға өңдеудің заманауи технологиясы кебекпен бірге алынған дәрумендердің, минералдардың және тағамдық талшықтардың айтарлықтай шығындарымен бірге жүреді. Ұннан нан дайындау маңызды биологиялық құнды заттардың қосымша жоғалуына әкеледі. Мұның бәрі жоғары сапалы ұнды биологиялық құнды ингредиенттермен байыту қажеттілігін тудырады.

Осыған байланысты бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен күріш және қарақұмық ұнтақтарының химиялық құрамына салыстырмалы талдау жүргізілді (кесте 4).

Кесте 4 – Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны, күріш және қарақұмық ұнтақтарының химиялық құрамы

| № | Көрсеткіштер атауы | Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны [132] | Күріш ұнтағы | Қарақұмық ұнтағы |
|---|--------------------|-----------------------------------------------|--------------|------------------|
| 1 | Ақуыздар, %        | 11,50                                         | 11,80±0,57   | 23,82±0,35       |
| 2 | Майлар, %          | 1,45                                          | 12,01±0,05   | 4,95±0,005       |
| 3 | Көмірсулар, %      | 73,81                                         | 73,33±1,09   | 60,14±0,92       |

Дәрумендік құрамы бойынша да зерттеулер жүргізілген [133-137]. Мысалы, күріш және қарақұмық ұнтақтарында В1 дәрумені сәйкесінше 0,3 мг% және 0,4 мг%, В2 – 0,2 мг% және 0,31 мг%, Е дәрумені – 9,6 мг% және 4,12 мг%-ды құрайды. Ал минералдық құрамы бойынша, күріш ұнтағында бүкіл дәнді дақылдар үшін жетіспейтін калийдің мөлшері күріштің дәнінен 7,5 есеге, кальций – 2,1 есеге, темір – 10 есеге, фосфор – 6,5 есеге, марганец – 2,5 есеге көп екені. Қарақұмық ұнтағында калийдің мөлшері қарақұмық дәнінен 2,7 есеге, кальций – 2,7 есеге және фосфордың мөлшері 2,5 есеге артық екендігі белгілі болды. Алынған нәтижелерді қорытындылайтын болсақ, күріш пен қарақұмық ұнтақтарының тағамдық құндылығы жоғары екендігін аңғаруға болады [138-141].

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдаланудың орындылығын негіздеу үшін олардың биологиялық құндылығы бойынша аминқышқылдарының құрамы және оның тепе-теңдік дәрежесі зерттелді. Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны, күріш және қарақұмық ұнтақтарының аминқышқылдар құрамын талдау нәтижелері 5-кестеде көрсетілген. Ұнтақтардың алмастырылмайтын және алмастырылатын аминқышқылдары зерттелді. Нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Кесте 5 – Бірінші сұрыпты найбайханалық бидай ұны, күріш және қарақұмық ұнтақтарының аминқышқылдар құрамы

| Көрсеткіштер атауы                            | Шикізаттар бойынша көрсеткіш мәндері, г/100 г ақуыз |              |                  |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------|------------------|
|                                               | Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны             | Күріш ұнтағы | Қарақұмық ұнтағы |
| Алмастырылмайтын аминқышқылдары               |                                                     |              |                  |
| Лизин                                         | 0,228                                               | 0,39±0,11    | 1,29±0,41        |
| Лейцин+Изолейцин                              | 1,067                                               | 0,92±0,20    | 1,81±0,45        |
| Валин                                         | 0,415                                               | 0,60±0,23    | 1,68±0,65        |
| Треонин                                       | 0,281                                               | 0,56±0,21    | 1,15±0,44        |
| Финилаланин                                   | 0,520                                               | 0,96±0,27    | 1,81±0,45        |
| Метионин                                      | 0,183                                               | 0,33±0,13    | 1,55±0,51        |
| Алмастырылмайтын аминқышқылдары жалпы мөлшері | 2,694                                               | 3,76         | 9,29             |
| Алмастырылатын аминқышқылдары                 |                                                     |              |                  |
| Серин                                         | 0,516                                               | 0,84±0,21    | 1,16±0,31        |
| Тирозин                                       | 0,312                                               | 0,44±0,11    | 1,94±0,56        |
| Аланин                                        | 0,332                                               | 0,64±0,15    | 1,42±0,35        |
| Аргинин                                       | 0,417                                               | 0,60±0,24    | 1,13±0,44        |
| Пролин                                        | 1,198                                               | 2,31±0,61    | 1,55±0,42        |
| Глицин                                        | 0,371                                               | 0,60±0,21    | 1,55±0,51        |
| Гистидин                                      | 1,230                                               | 0,44±0,23    | 1,55±0,76        |
| Алмастырылатын аминқышқылдары жалпы мөлшері   | 4,376                                               | 5,87         | 10,3             |

5-кестедегі мәліметтерден күріш және қарақұмық ұнтақтарының аминқышқылдарының құрамында жалпы алмастырылмайтын аминқышқылдарының мөлшері сәйкесінше 3,76 және 9,29г/100г ақуызды құрайды. Бұл бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны қарағанда 1,3-3,5 есе жоғары (2,7г/100г ақуыз). Жалпы, күріш ұнтағы мен бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнымен салыстырғанда алмастырылмайтын және алмастырылатын аминқышқылдарының ең жоғары мөлшері қарақұмық ұнтағында байқалды.

Күріш ұнтағында алмастырылмайтын аминқышқылдарының ішінен лейцин мен изолейцин мөлшері бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнына қарағанда 13% аз. Ал қалғаны орташа есеппен алғанда жартысынан жоғары.

Ұнтақтардың құрамы липидтерге бай. Сондықтан май қышқылдарының құрамы зерттелді. Нәтижесі 6-кестеде берілді.

Кесте 6 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарындағы липидтерінің май қышқылдық құрамы, май қышқылдарының жалпы мөлшеріне шаққанда, %

| Көрсеткіштер атауы                          | Күріш ұнтағы | Қарақұмық ұнтағы |
|---------------------------------------------|--------------|------------------|
| Қаныққан май қышқылдары                     |              |                  |
| Гексан қышқылы (C6:0)                       | 97,475±0,023 | 97,277±0,016     |
| Бутир қышқылы (C4:0)                        | 2,456±0,013  | 2,439±0,012      |
| Пальмит қышқылы (C16:0)                     | 0,009±0,001  | 0,0755±0,002     |
| Ундецил қышқылы (C11:0)                     | 0,002±0,002  | 0,00135±0,001    |
| Стеарин қышқылы (C18:0)                     | 0,007±0,002  | 0,135±0,003      |
| Гептадекан қышқылы (C17:0)                  | 0,001±0,001  | -                |
| Беген қышқылы (C22:0)                       | -            | 0,019±0,001      |
| Қаныққан май қышқылдары жалпы мөлшері       | 99,95        | 99,95            |
| Моноқанықпаған май қышқылдары               |              |                  |
| Олеин қышқылы (ω-9, C18:1)                  | 0,003±0,001  | -                |
| Миристолеин қышқылы (C14:1)                 | 0,002±0,002  | -                |
| <i>cis</i> -10-пентадецен қышқылы (C15:1)   | 0,001±0,002  | 0,002±0,001      |
| Моноқанықпаған май қышқылдары жалпы мөлшері | 0,006        | 0,002            |
| Полиқанықпаған май қышқылдары               |              |                  |
| Линол қышқылы (ω-6, C18:2)                  | 0,004±0,002  | 0,047±0,002      |
| Докозагексаен қышқылы (DHA, ω-3, C22:6)     | 0,041±0,001  | -                |
| Линолеяйдин қышқылы (транс-C18:2)           | -            | 0,002±0,002      |
| Полиқанықпаған май қышқылдары жалпы мөлшері | 0,045        | 0,049            |

6-кесте нәтижесінде күріш және қарақұмық ұнтақтарының липидтерінде қаныққан май қышқылдары көп екені анықталды. Негізгі үлесті екі ұнтақта да гексан қышқылы алды. Сонымен қатар ұзын тізбекті қаныққан май қышқылдары да табылды.

Азық-түлік мақсатында қолданылатын шикізаттың қауіпсіздігі оның құрамындағы ықтимал ластаушы заттардың болуымен бағаланады. Сол себепті күріш пен қарақұмық ұнтақтарын нан өнімдерін байытуда ресурс ретінде тиімді пайдалану перспективасына байланысты, олардың құрамындағы микотоксиндердің, пестицидтердің және улы элементтердің болуына талдау жасалды (кесте 7).

Кесте 7 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарының санитарлық-гигиеналық жағдайына сипаттама

| Көрсеткіштер атауы                                | КО ТР 021/2011 бойынша норма [142] | Мөлшері, мг/кг |                  |
|---------------------------------------------------|------------------------------------|----------------|------------------|
|                                                   |                                    | Күріш ұнтағы   | Қарақұмық ұнтағы |
| 1                                                 | 2                                  | 3              | 4                |
| <b>1. Улы элементтер</b>                          |                                    |                |                  |
| Қорғасын                                          | 0,5                                | Табылмады      | Табылмады        |
| Күшән                                             | 0,2                                | Табылмады      | Табылмады        |
| Сынап                                             | 0,03                               | 0,0006±0,0002  | 0,0091±0,0002    |
| Кадмий                                            | 0,1                                | 0,0012±0,0002  | 0,0029±0,0002    |
| <b>2. Пестицидтер</b>                             |                                    |                |                  |
| Гексахлоран (α, β, γ - изомерлері)                | 0,5                                | Табылмады      | Табылмады        |
| Дихлордифенил-трихлорэтан және оның метаболиттері | 0,02                               | Табылмады      | Табылмады        |
| <b>3. Микотоксиндер</b>                           |                                    |                |                  |
| Афлатоксин В <sub>1</sub>                         | 0,005                              | Табылмады      | Табылмады        |

7-кесте бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері күріш пен қарақұмық ұнтақтарындағы улы элементтердің мөлшері Кеден одағының техникалық регламенті 021/2011 бойынша рұқсат етілген шекті нормалардан біршама төмен екенін көрсетеді. Атап айтқанда, күріш ұнтағында сынап мөлшері 0,0006±0,0002 мг/кг, кадмий мөлшері 0,0012±0,0002 мг/кг болды. Ал қарақұмық ұнтағында сынап 0,0091±0,0002 мг/кг, кадмий 0,0029±0,0002 мг/кг шамасында анықталды [142-145].

### **3.2 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын оңтайландыру**

Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты – күріш және қарақұмық ұнтақтарының оңтайлы арақатынасын анықтау мақсатында олардың қамырдың реологиялық қасиеттеріне және дайын өнімнің сапасына әсері талданды.

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерін алу үшін қамырдың реологиялық көрсеткіштерінің ең тиімді мәніне қол жеткізу бойынша зерттеулер жүргізілді. Кіріс параметрлері  $x$  әртүрлі қатынаста болғандағы ұнның наубайханалық қабілетін анықтау үшін бірқатар эксперименттік зерттеулер орындалды. Нәтижелері 8-кестеде келтірілген.


Кесте 8 – Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері

| №  | Кодталған мәндер |                |                | Натуралды мәндер |       |       | Эксперименттік мәндер |
|----|------------------|----------------|----------------|------------------|-------|-------|-----------------------|
|    | x <sub>1</sub>   | x <sub>2</sub> | x <sub>3</sub> | W, г             | R, г  | B, г  | U <sub>1</sub>        |
| 1  | -                | -              | -              | 280              | 10    | 20    | 352                   |
| 2  | -                | -              | +              | 280              | 10    | 30    | 320                   |
| 3  | -                | +              | -              | 280              | 20    | 20    | 305                   |
| 4  | -                | +              | +              | 280              | 20    | 30    | 295                   |
| 5  | +                | -              | -              | 300              | 10    | 20    | 310                   |
| 6  | +                | -              | +              | 300              | 10    | 30    | 339                   |
| 7  | +                | +              | -              | 300              | 20    | 20    | 198                   |
| 8  | +                | +              | +              | 300              | 20    | 30    | 300                   |
| 9  | -1,68            | 0              | 0              | 273,18           | 15    | 25    | 320                   |
| 10 | +1,68            | 0              | 0              | 306,82           | 15    | 25    | 283                   |
| 11 | 0                | -1,68          | 0              | 290              | 6,59  | 25    | 275                   |
| 12 | 0                | +1,68          | 0              | 290              | 23,41 | 25    | 335                   |
| 13 | 0                | 0              | -1,68          | 290              | 15    | 16,59 | 306                   |
| 14 | 0                | 0              | +1,68          | 290              | 15    | 33,41 | 325                   |
| 15 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 275                   |
| 16 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 280                   |
| 17 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 278                   |
| 18 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 282                   |
| 19 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 277                   |
| 20 | 0                | 0              | 0              | 290              | 15    | 25    | 280                   |


8-кестеден 20 тәжірибе жүргізілгені көрінеді, олардың ішінде: ұн мен ұнтақтардың әртүрлі қатынасында 14 тәжірибе және x мәндерінің нөлдік нүктесінде 6 тәжірибе. Нөлдік нүктедегі нәтижелердің айырмашылығы шамамен  $\pm 4$  болды.

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдері құрамындағы ұнның нан пісіру қабілеті бойынша оңтайландыру 10-суретте көрсетілген.


10-суреттен реологиялық көрсеткіштердің компоненттер қатынасына байланысты өзгеретіні көрінеді: бидай ұнының үлесі азайып, ұнтақтардың мөлшері артқан сайын U<sub>1</sub> мәнінің төмендеу үрдісі байқалады. Алайда бірінші сұрыпты бидай ұнының мөлшерін аздап төмендетіп, күріш және қарақұмық ұнтақтарын қосу арқылы қажетті реологиялық көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.



а)



б)



в)

*a* – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен күріш ұнтағын қосудың тәуелділігі; *б* – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен қарақұмық ұнтағын қосудың тәуелділігі; *в* – күріш ұнтағы мен қарақұмық ұнтағын қосудың тәуелділігі.

Сурет 10 – Ұн мен ұнтақтың наубайханалық қабілетінің тәуелділік графиктері:

Эксперимент жоспары екінші ретті рототабельдік болып табылады және регрессия коэффициенттерінің орнықты бағаларын алуды қамтамасыз етеді. Қолданылған жоспар құрылымы факторлардың сызықтық әсерлерін де, олардың өзара әрекеттесуін және квадраттық мүшелерін де ескеруге мүмкіндік береді.

Алынған эксперименттік деректер негізінде бидай ұнының, күріш және қарақұмық ұнтақтарының мөлшерінің  $U_1$  наубайханалық қабілетіне әсерін сипаттайтын регрессия теңдеуі құрастырылды, ол 2-формулада келтірілген:

$$U_1 = 278,8893 - 13,7166x_1 - 8,9558x_2 + 8,8620x_3 - 9,875x_1x_2 + 21,625x_1x_3 + 11,875x_2x_3 + 6,6634x_1^2 + 7,9034x_2^2 + 11,6176x_3^2 \quad (2)$$


Сондай-ақ кіріс параметрлері  $x$  әртүрлі қатынаста болғандағы ұнның су сіңіру қабілетін анықтау бойынша бірқатар эксперименттік зерттеулер жүргізілді. Нәтижелері 9-кестеде келтірілген.




Кесте 9 – Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері

| №  | Кодталған мәндер |       |       | Натуралды мәндер |       |       | Эксперименттік мәндер |
|----|------------------|-------|-------|------------------|-------|-------|-----------------------|
|    | $x_1$            | $x_2$ | $x_3$ | W, г             | R, г  | B, г  | U <sub>2</sub>        |
| 1  | -                | -     | -     | 280              | 10    | 20    | 60,1                  |
| 2  | -                | -     | +     | 280              | 10    | 30    | 59,9                  |
| 3  | -                | +     | -     | 280              | 20    | 20    | 58,2                  |
| 4  | -                | +     | +     | 280              | 20    | 30    | 58,8                  |
| 5  | +                | -     | -     | 300              | 10    | 20    | 60,4                  |
| 6  | +                | -     | +     | 300              | 10    | 30    | 60,5                  |
| 7  | +                | +     | -     | 300              | 20    | 20    | 59,9                  |
| 8  | +                | +     | +     | 300              | 20    | 30    | 60,8                  |
| 9  | -1,68            | 0     | 0     | 273,18           | 15    | 25    | 61,3                  |
| 10 | +1,68            | 0     | 0     | 306,82           | 15    | 25    | 60,4                  |
| 11 | 0                | -1,68 | 0     | 290              | 6,59  | 25    | 57,8                  |
| 12 | 0                | +1,68 | 0     | 290              | 23,41 | 25    | 61,4                  |
| 13 | 0                | 0     | -1,68 | 290              | 15    | 16,59 | 61,1                  |
| 14 | 0                | 0     | +1,68 | 290              | 15    | 33,41 | 59,1                  |
| 15 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,1                  |
| 16 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,0                  |
| 17 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,2                  |
| 18 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,1                  |
| 19 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,1                  |
| 20 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 61,2                  |


Дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізатын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын ұнның су сіңіру қабілеті бойынша оңтайландыру 11-суретте көрсетілген.



а)



б)



в)

а – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен күріш ұнтағын қосудың тәуелділігі; б – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен қарақұмық ұнтағын қосудың тәуелділігі; в – күріш ұнтағы мен қарақұмық ұнтағын қосудың тәуелділігі.

Сурет 11 – Ұн мен ұнтақтың суды сіңіру қабілетінің графиктері

11-суреттен ұнның су сіңіру қабілеті бидай ұнының, күріш және қарақұмық ұнтақтарының мөлшерінің бірлескен әсерімен анықталатыны көрінеді. Жауап беттері айқын сызықтық емес сипатқа ие, мұнда  $U_2$  көрсеткішінің ең жоғары мәндері бидай ұнының мөлшері жоғары және күріш пен қарақұмық ұнтақтарының мөлшері орташа болған аймақта байқалады. Осылайша, рецептура компоненттерінің арақатынасын реттеу ұнның су сіңіру қабілетінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3-формулада тиімділік коэффициенті  $U_2$  ең жоғары болатын күріш және қарақұмық ұнтақтары қосылған нан-тоқаш өнімдері құрамын оңтайландыратын регрессия теңдеуі келтірілген:

$$U_2 = 61,1337 + 0,22631x_1 + 0,20872x_2 - 0,14364x_3 + 0,35x_1x_2 + 0,075x_1x_3 + 0,20x_2x_3 - 0,15818x_1^2 - 0,60141x_2^2 - 0,42393x_3^2 \quad (3)$$


Кіріс параметрлері  $x$  әртүрлі қатынаста болғандағы нан-тоқаш өнімдерінің ең жақсы органолептикалық көрсеткіштерін анықтау бойынша эксперименттік зерттеулердің нәтижелері 10-кестеде келтірілген.

Кесте 10 – Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері

| №  | Кодталған мәндер |       |       | Натуралды мәндер |       |       | Эксперименттік мәндер |
|----|------------------|-------|-------|------------------|-------|-------|-----------------------|
|    | $x_1$            | $x_2$ | $x_3$ | W, г             | R, г  | B, г  | $U_3$                 |
| 1  | -                | -     | -     | 280              | 10    | 20    | 18                    |
| 2  | -                | -     | +     | 280              | 10    | 30    | 16                    |
| 3  | -                | +     | -     | 280              | 20    | 20    | 15                    |
| 4  | -                | +     | +     | 280              | 20    | 30    | 14                    |
| 5  | +                | -     | -     | 300              | 10    | 20    | 15                    |
| 6  | +                | -     | +     | 300              | 10    | 30    | 16                    |
| 7  | +                | +     | -     | 300              | 20    | 20    | 15                    |
| 8  | +                | +     | +     | 300              | 20    | 30    | 17                    |
| 9  | -1,68            | 0     | 0     | 273,18           | 15    | 25    | 14                    |
| 10 | +1,68            | 0     | 0     | 306,82           | 15    | 25    | 16                    |
| 11 | 0                | -1,68 | 0     | 290              | 6,59  | 25    | 12                    |
| 12 | 0                | +1,68 | 0     | 290              | 23,41 | 25    | 14                    |
| 13 | 0                | 0     | -1,68 | 290              | 15    | 16,59 | 17                    |
| 14 | 0                | 0     | +1,68 | 290              | 15    | 33,41 | 14                    |
| 15 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |
| 16 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |
| 17 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |
| 18 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |
| 19 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |
| 20 | 0                | 0     | 0     | 290              | 15    | 25    | 15                    |

Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып нан-тоқаш өнімдерінің құрамын органолептикалық көрсеткіштері бойынша оңтайландыру 12-суретте берілген.

12-суреттен органолептикалық бағалаудың күріш ұнтағының мөлшеріне айтарлықтай тәуелді екені көрінеді, бұл оның химиялық құрамының ерекшеліктерімен (соның ішінде липидтер мөлшерінің жоғары болуымен) байланысты.



*a* – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен күріш ұнтағын қосылу тәуелділігі; *б* – бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны мен қарақұмық ұнтағын қосылу тәуелділігі; *в* – күріш ұнтағы мен қарақұмық ұнтағын қосудың тәуелділігі.

Сурет 12 – Нанның органолептикалық көрсеткіштерінің тәуелділік графиктері

4-формулада тиімділік коэффициенті  $U_3$  ең жоғары болатын күріш және қарақұмық ұнтақтары қосылған нан-тоқаш өнімдері құрамын оңтайландыратын регрессия теңдеуі келтірілген:

$$U_3 = 14,9672 + 0,24525x_1 - 0,04590x_2 - 0,36836x_3 + 0,74x_1x_2 + 0,74x_1x_3 + 0,24x_2x_3 + 0,25135x_1^2 - 0,42626x_2^2 + 0,42801x_3^2 \quad (4)$$

Осылайша, оңтайландыру нәтижелері бойынша рецептура компоненттерінің оңтайлы арақатынасы анықталды: бірінші сұрыпты бидай ұны – 85%, күріш ұнтағы – 5%, қарақұмық ұнтағы – 10%. Қоспаның жалпы массасы 330 г-ға келтірілгенде табиғи мәндері:  $W = 280,5$  г,  $R = 16,5$  г,  $B = 33,0$  г.

### 3.3 Күріш және қарақұмық ұнтақтарының қамырдың реологиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу

Қамырды дайындау нан-тоқаш өнімдерін өндірудегі маңызды технологиялық кезеңдердің бірі. Дәл осы кезеңде оның құрылымы коллоидтық, физика-химиялық және биохимиялық процестер нәтижесінде қалыптасады. Қамырдың реологиялық көрсеткіштері, оның газ ұстау қабілеті, серпімділігі, иілгіштігі нанға біршама әсер етеді.

Өсімдік негізді қоспаларды қосу ұнның сағыздық кешеніне елеулі әсер етеді. Ақуыздық-көмірсулы компоненттердің арақатынасын өзгертіп, сол арқылы қамырдың илеу және ашыту процестеріндегі қасиеттерін анықтайды. Сол себепті біз күріш және қарақұмық ұнтақтарының қамырдың реологиялық қасиеттеріне әсерін анықтадық.

Бірінші сұрыпты бидай ұнынан дайындалған қамыр басқа ұн түрлерінен жасалған қамырды салыстырмалы талдау үшін эталон болады. Осыған байланысты бидай ұнында қамырдың иімділігін, серпімділігін және пішінінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін жеткілікті мөлшерде сағызы болады [146-149]. Күріш және қарақұмық ұнтақтарының бидай ұнынан айырмашылығы олардың ақуыздары сағыз түзбейді. Алайда құрамында функционалдық белсенді заттар бар.

Қамырдың реологиялық көрсеткіштерін альвеограф арқылы зерттеу нәтижелері 11-кестеде көрсетілген.


Кесте 11 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарының қамырдың реологиялық көрсеткіштеріне әсері

| Үлгі                                  | Альвеографтың көрсеткіштері      |                      |                             |                                                  |                               |
|---------------------------------------|----------------------------------|----------------------|-----------------------------|--------------------------------------------------|-------------------------------|
|                                       | Деформацияға төзімділігі, мм (P) | Созылғыштығы, мм (L) | Наубай ханалық қабілеті (W) | Қисық биіктігінің оның ұзындығына қатынасы (P/L) | Серпімділік коэффициенті (le) |
| Бақылау (100% бидай ұны)              | 161±7                            | 70±4                 | 418±14                      | 2,3±0,14                                         | 56,8±1,5                      |
| Тәжірибелік (85% бидай ұны, 5% күріш) | 250±9                            | 29±3                 | 323±12                      | 8,02±0,27                                        | 0                             |

11-кесте бойынша альвеографта зерттеу нәтижелері бақылау мен тәжірибелік үлгі арасындағы айырмашылықты көрсетті.

Тәжірибелік үлгі бойынша деформацияға төзімділік (P) 161мм-ден 250 мм-ге дейін көтерілген. Бұл қамыр құрамының тығыз әрі серпімді бола түскенін білдіреді. Күріш пен қарақұмық ұнтақтары құрамындағы ақуыз бен пентозандардың жоғары құрамы бар. Сондықтан олар ылғылды біріктіріп, ақуыз көмірсу матрицасындағы молекулааралық байланыстарды арттырады.

Созылғыштық көрсеткіші (L) керісінше 70 мм-ден 29 мм-ге дейін төмендеді. Бұл сағызды түзу қасиеті жоқ ақуыздардың есебінен сағыздық кешенінің сұйылуымен түсіндіріледі.



*а* – бақылау үлгісі; *б* – 85% бидай ұны, 5% күріш ұнтағы және 10% қарақұмық ұнтағы қосылған тәжірибелік үлгі. Жасыл сызық – қамырдың айналыс моментін; қызыл сызық – камераның температурасы; қызғылт сызық – қамырдың температурасы; штрихты сызықтар – қамырдың тұрақтылығының шекті шеңбері

Сурет 13 – Mixolab 2 бойынша үлгілердің мисограммалары

Екінші және үшінші фазаларда қамыр құрылымының 90<sup>0</sup> C-қа дейін қыздыру барысындағы өзгерістері тіркеледі. С2 – қамыр сұйылуы. С3 – крахмал клейстерленуінің ең жоғары жылдамдығы 4°C/мин. Үшінші фазаның ұзақтығы 7 минутты құрайды. Төртінші және бесінші фазаларда қамырдың 50°C-қа дейін салқындау кезіндегі құрылымы өлшенеді. С4, С5 – крахмалдың ретроградациясының басталуы және аяқталуы. Бұл фазалардың ұзақтығы тиісінше 10 және 5 минут. Ал салқындату жылдамдығының ұзақтығы – 4 °C/мин.

Нәтижелерді талдау үшін биохимиялық реакциялардың жылдамдығын сипаттайтын есептік мәндер бар.  $\alpha$  – ақуыз құрылымдарының сұйылу жылдамдығы.  $\beta$  – крахмалдың клейстерлену қарқындылығы.  $\gamma$  – амилолиз жылдамдылығы.

Сондай-ақ қамырдың суды сіңіру қабілеті (ССҚ, %), қамырдың тұрақтылығы және түзілу ұзақтығы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері 12 және 13-кестелерде көрсетілген.

Кесте 12 – Mixolab 2 бойынша Chopin+ хаттамасының басты көрсеткіштері

| Үлгі                                                                   | ССҚ,<br>%    | Тұрақ<br>тылығы,<br>мин | Сипаттамалық нүктелер |               |               |               |               |
|------------------------------------------------------------------------|--------------|-------------------------|-----------------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
|                                                                        |              |                         | C1                    | C2            | C3            | C4            | C5            |
| Бақылау (100% бидай ұны)                                               | 58,4±<br>0,4 | 10,40<br>±0,25          | 1,18±<br>0,02         | 0,62±<br>0,01 | 1,91±<br>0,03 | 1,69±<br>0,04 | 2,56±<br>0,03 |
| Тәжірибелік (85% бидай ұны, 5% күріш ұнтағы және 10% қарақұмық ұнтағы) | 61,7±<br>0,6 | 9,90±<br>0,12           | 1,24±<br>0,03         | 0,56±<br>0,03 | 1,84±<br>0,04 | 1,77±<br>0,03 | 2,83±<br>0,05 |

12-кестедегі мәліметтерден ұнтақтардың мөлшері өскен сайын қамырдың ССҚ артатынын көреміз.

Кесте 13 - Mixolab 2 бойынша биохимиялық реакциялардың жылдамдығының есептік мәндері


| Үлгі                                                                   | Бұрыштардың есептік мәндері |          |         |
|------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|----------|---------|
|                                                                        | $\alpha$                    | $\gamma$ | $\beta$ |
| Бақылау (100% бидай ұны)                                               | -0,066                      | -0,040   | 0,406   |
| Тәжірибелік (85% бидай ұны, 5% күріш ұнтағы және 10% қарақұмық ұнтағы) | -0,110                      | -0,012   | 0,426   |

13-кестеде берілген мәліметтерден тәжірибелік үлгіде альфа және бетта бұрыштарының есептік мәндерінің жоғарлағанын байқаймыз. Яғни, қамыр иілгіштігінің жоғарлауы және крахмалдың ұсақ бөлшектерінің ісіну қарқындылығының артуын білдіреді. Ол өз кезегінде ылғалдың қосымша біріктірілуімен түсіндіріледі. Бақылау үлгісімен салыстырғанда  $\gamma$  бұрышының есептік мәнінің төмендеуі амилолитикалық қарқындылықтың шамалы төмендегенін білдіреді.

Алынған мәліметтер бойынша Mixolab 2 бағдарламасы қамырдың реологиялық профайлын қалыптастырады. Ол 6 интегралды индексмен өлшенеді. ССҚ, C1 – илеу, C2 – глютен+, C3 – тұтқырлық, C4 – амилаза және C5 – ретроградация.

14-суретте салыстырмалы көрсеткіштері тәжірибелік үлгіде ССҚ индексінің жоғарлағанын көрсетті. Бұл қамырдың шығымының өсуін қамтамасыз етеді. Глютен+ және илеу индекстері аздап түсті. Бұл сағыз

қаңқасының әлсіреуін көрсетеді. Ал амилаза индексінің жоғарылауы ферментативтік қарқындылықтың артуын білдіреді. Ретроградация индексі бақылау үлгісімен салыстырғанда артты. Бұл қамырдың салқындату фазасында крахмалдың кристалдануының әлдеқайда белсенді жүруін көрсетеді.



*а* – бақылау үлгісі; *б* – 85% бидай ұны, 5% күріш ұнтағы және 10% қарақұмық ұнтағы қосылған тәжірибелік үлгі.

Сурет 14 - Mixolab 2 бойынша үлгілердің профайлерлері

Қорытындылай келе, Mixolab 2 бойынша алынған зерттеу нәтижелері көрсетті: бірінші сұрыпты бидай ұнына 5% күріш ұнтағын және 10% қарақұмық ұнтағын қосу қамырдың ССҚ мен иілгіштігін жоғарылатады. Сонымен қатар ылғалдың бірыңғай таралуына және крахмалдың жақсы құрылымының түзілуіне ықпал етеді. Сағыыз қаңқасы шамалы әлсіреді. Бірақ алынған композиттік қамыр иілгіштік пен тұтқырлықтың оптималды арақатынасына ие. Бұл жартылай фабрикаттардың жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тағамдық құндылығы жоғарылатылған нан өнімдерін өндіруде қолданылуға ұсынылады.



### 3.4 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының қамыр мен дайын өнімнің сапасына әсерін зерттеу

#### 3.4.1 Күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде кешенді ашымал дайындау технологиясын әзірлеу

Ашымал дайындау технологияларын қолдану екіншілік шикізатты пайдалана отырып пісірілген нан-тоқаш өнімдерінің сапа көрсеткіштерін арттырудың перспективалы және тиімді тәсілі болып табылады. Мұндай технологиялар өнімнің сақталу мерзімін ұзартады. Сонымен қатар оны ашытқылардың, зең саңырауқұлақтарының және басқа микроағзалардың дамуына жол бермейді. Және оларды микробтық зақымданудан қорғайды. Сол себепті дайын нанның микробиологиялық тұрақтылығын арттыруды қол жеткізуге болады. Және оның тұтынушылық қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін дәнді дақылдарды қайта өңдеудің екіншілік шикізаты – күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде кешенді ашымал дайындау технологиясын жасау орынды.

Кешенді ашымал «Нан өнімдерін өндіруге арналған технологиялық нұсқаулықтар жинағы» бойынша сұйық түрдегі микроағзалардың таза дақылдарында әзірленді [150-152].

Кешенді ашымалды екі циклдан тұрады: өсіру және өндірістік.

14-кестеде кешенді ашымалды өсіру циклінде дайындаудың рецептурасы мен режимдері көрсетілген. Өсіру циклінің әр этапына тән технологиялық көрсеткіштер мен шикізат мөлшері жүйеленген. Бұл мәліметтер кешенді ашымалды дайындау кезеңінің ерекшеліктерін бағалауды қамтамасыз ете алады.

Кесте 14 – Кешенді ашымалды өсіру циклінде дайындаудың рецептурасы мен режимдері

| Сапа көрсеткіштер атауы                                                                   | Өсіру циклінің |           |            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-----------|------------|
|                                                                                           | I фазасы       | II фазасы | III фазасы |
| 1                                                                                         | 2              | 3         | 4          |
| Сүт қышқылы бактерияларының сұйық таза дақылдары, мл:                                     |                |           |            |
| <i>Lactiplantibacillus plantarum</i> 1                                                    | 1,5            | -         | -          |
| <i>Levilactobacillus brevis</i> E-120                                                     | 1,5            | -         | -          |
| Ашытқының таза дақылы<br><i>Saccharomyces cerevisiae</i> Л-1 штамы (сулы суспензиясы), мл | 1,0            | -         | -          |
| Алдыңғы фазаның кешенді ашымалы, г                                                        | -              | 250       | 200        |
| Қантталған қайнатпа (күріш және қарақұмық ұнтақтары және судан)                           | қатынасында    |           |            |
|                                                                                           | 1:2,5          | 1:2       | 1:3        |
|                                                                                           | 500            | 500       | 600        |
| Жалпы массасы, г                                                                          | 500            | 750       | 800        |



14 – кешенің жалғасы

| 1                   | 2    | 3    | 4    |
|---------------------|------|------|------|
| Ашыту ұзақтығы, сағ | 20   | 18   | 17   |
| Қышқылдығы, град    |      |      |      |
| - бастапқы          | 9,5  | 11,4 | 12,5 |
| - соңғы             | 15,8 | 19,4 | 22,6 |
| Температура, °С     |      |      |      |
| - бастапқы          | 33   | 33   | 33   |
| - соңғы             | 34   | 34   | 34   |
| Көлемі, мл          |      |      |      |
| - бастапқы          | 500  | 650  | 760  |
| - соңғы             | 600  | 950  | 1000 |
| рН                  |      |      |      |
| - бастапқы          | 5,3  | 5,29 | 5,19 |
| - соңғы             | 4,73 | 4,45 | 4,35 |

Кешенді ашымалды дайындау үшін *L. plantarum* 1, *L. brevis* E-120 (әрқайсысы 1,5 мл) сүт қышқылы бактерияларының және *S.cerevisiae* Л-1 штамы (1 мл су суспензиясы) ашытқысының таза дақылдары пайдаланылды.

Өсіру циклін ашымалдың аз мөлшерінен қолданылды (бірінші фазада 500 г). Микроағзалардың дақылдары бірге құйылып, ферменттелмеген арпа уыты (ұнтақ мөлшерінің 2%) және су қосылған күріш және қарақұмық ұнтақтарынан дайындалған қантталған қайнатпаға енгізіліп, 20 сағат ашытуға қалдырылды.

Сүт қышқылды бактерияларының және ашытқының таза дақылдарын сұйық күйінде қолдана отырып, өндірістік циклде өсіру циклы бойынша алынған кешенді ашымалды ашымалдың ашыту ұзақтығына байланысты 1:1 – 1:9 қатынастарында кешенді ашымал – қоректендіру (қантталған қайнатпа) бойынша жаңарту жүзеге асырылды.

Кешенді ашымалдың ашымалдың ылғалдығы қантталған қайнатпаның ылғалдылығына сәйкес өзгеруі мүмкін.

Дайын кешенді ашымалдың 50-80%-ы қамырды дайындауға қолданылады, ал қалған 50-20%-ы ашымалды жаңарту үшін қолданылады.

Өндірістік циклде кешенді ашымалдың тұрақты белсенділігі сақталады. Және оның технологиялық көрсеткіштері бірқалыпты дәрежеде болады. Бұл кезеңде ашымалды жүйелі қоректендіре отырамыз. Осы сәтте микроағзалардың тіршілігі мен метаболизмдік қарқындылығы реттеледі. Нәтижесінде ашымалдың ылғалдылығы, қышқылдығы және газ түзу қабілеті тұрақтандырылады. Сонымен қатар, өндірістік циклдің көрсеткіштері ашымалдың сапасын өндірістік жағдайда тұрақты күйде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

15-кестеде кешенді ашымалды өндірістік циклде дайындаудың рецептурасы мен режимдері көрсетілген.

Кесте 15 – Кешенді ашымалды өндірістік циклде дайындаудың рецептурасы мен режимдері

| Сапа көрсеткіштерінің атауы                                                          | Өндірістік циклінің фазаларындағы шикізат шығыны және сапа көрсеткіштерінің мәні |       |       |       |
|--------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|-------|-------|-------|
|                                                                                      | IV                                                                               | V     | VI    | VII   |
| Ашымал: коректендіру                                                                 | 1:4                                                                              | 1:9   | 1:9   | 1:9   |
| Алдыңғы фазаның кешенді ашымалы, г                                                   | 20                                                                               | 50    | 80    | 130   |
| 1:1,8 қатынасында қантталған кайнатпа (күріш және қарақұмық ұнтақтары және судан), г | 180                                                                              | 450   | 720   | 1170  |
| Ашымалдың жалпы массасы, г                                                           | 200                                                                              | 500   | 800   | 1300  |
| Ашыту ұзақтығы, сағ                                                                  | 5                                                                                | 16    | 16    | 16    |
| Температура, °C                                                                      |                                                                                  |       |       |       |
| - бастапқы                                                                           | 28                                                                               | 31    | 31    | 31    |
| - соңғы                                                                              | 27                                                                               | 27    | 27    | 28    |
| Қышқылдығы, град                                                                     |                                                                                  |       |       |       |
| - бастапқы                                                                           | 9,2                                                                              | 7,5   | 8,8   | 10,0  |
| - соңғы                                                                              | 15,1                                                                             | 21,0  | 21,5  | 22,0  |
| Көлемі, мл                                                                           |                                                                                  |       |       |       |
| - бастапқы                                                                           | 200                                                                              | 400   | 700   | 1200  |
| - соңғы                                                                              | 250                                                                              | 600   | 1000  | 1600  |
| pH                                                                                   |                                                                                  |       |       |       |
| - бастапқы                                                                           | 5,566                                                                            | 5,716 | 5,506 | 5,397 |
| - соңғы                                                                              | 5,271                                                                            | 4,376 | 4,349 | 4,060 |

3.4.2 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының қамырдың физикалық-химиялық көрсеткіштеріне әсері

Бидай нанын күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып дайындау технологиясының қамырдың физикалық-химиялық көрсеткіштеріне әсері келесі түрде жүргізілді. Тәжірибелік үлгілерге арналған қамырды күріш және қарақұмық ұнтақтарының сәйкесінше 5:10 оңтайлы арақатынасында (опарасыз және кешенді ашымалда) дайындадық.

Бақылау үлгісі ретінде аталған ұнтақтарсыз бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұнынан дайындалған бидай наны алынды. Қамырдың физикалық-химиялық көрсеткіштері нан-тоқаш өнімдерінің сапасын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Сондай-ақ технологиялық процестің тиімділігін сипаттайтын негізі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Күріш пен қарақұмықты ұнтақтарын қолдану бұл көрсеткіштердің өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Сол себепті тәжірибелік үлгілердегі қамырдың басты физика-химиялық қасиеттері зерттелді. Зерттеу нәтижелері 16-кестеде көрсетілген.

Кесте 16 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып бидай нанын дайындау технологиясының қамырдың физика-химиялық көрсеткіштеріне әсері

| Көрсеткіштердің атауы   | Бидай наны үшін қамырдың көрсеткіштерінің мәні |                                                    |                  |
|-------------------------|------------------------------------------------|----------------------------------------------------|------------------|
|                         | Бақылау                                        | Күріш және қарақұмық ұнтақтарының 5:10 қатынасында |                  |
|                         |                                                | опарасыз әдіспен                                   | кешенді ашымалда |
| Ылғалдығы, %            | 47,0±1,0                                       |                                                    |                  |
| Температура, °С         |                                                |                                                    |                  |
| - бастапқы              | 29±1                                           | 30±1                                               | 29±1             |
| - соңғы                 | 31±1                                           | 31±1                                               | 30±1             |
| Қышқылдығы, град        |                                                |                                                    |                  |
| - бастапқы              | 2,3±0,5                                        | 3,4±0,5                                            | 8,2±1,0          |
| - соңғы                 | 2,6±0,5                                        | 4,5±0,5                                            | 9,0±1,0          |
| Ашыту ұзақтығы, мин     | 60±5                                           |                                                    |                  |
| Көлемнің ұлғаюы, %      | 77,4±0,1                                       | 90±0,1                                             | 100±0,1          |
| Көтергіш күші, мин      | 4±1                                            | 10±1                                               | 7±1              |
| Жетілдіру ұзақтығы, мин | 55±5                                           | 55±5                                               | 45±5             |

Зерттеу нәтижелері күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып бидай нанын опарасыз және кешенді ашымалда дайындау әдісінің қамырда қышқылдың жиналуына ықпал ететіндігін көрсетті.

Күріш және қарақұмық ұнтақтары енгізілген опарасыз қамырда қышқылдылықтың 4,5 градусқа дейін жоғарылауы олардың құрамындағы ферменттелетін көмірсулардың, минералдық заттардың және ферменттердің ашытқы метаболизміне қолайлы қоректік орта қалыптастыруымен түсіндіріледі. Соның нәтижесінде ашыту белсенділігі артып, жанама метаболиттер, соның ішінде органикалық қышқылдардың түзілуі күшейеді.

Кешенді ашымалды арқылы дайындалған қамырда қышқылдық көрсеткішінің 9,0 градусқа дейін жоғарылауы оның құрамындағы *L. plantarum 1* және *L. brevis E-120* сүт қышқылды бактериялардың таза дақылдарының болуымен байланысты. *L. Plantarum 1* ашыту процесінде көмірсуларды негізінен сүт қышқылына дейін ашытады. Ал *L. Brevis* гетероферментативті механизм көмегімен сүт және сірке қышқылдарын түзеді, нәтижесінде қамырда қышқылдықтың (титрленетін) жиналуы едәуір белсенді жүреді.

Осылайша, бақылау үлгісімен салыстырғанда опарасыз әдісте қышқылдылықтың 2,6-дан 4,5 градусқа дейін артуы күріш және қарақұмық ұнтақтарының қоректік субстрат ретіндегі әсерімен, ал кешенді ашымалда 9,0 градусқа дейін жоғарылауы сүт қышқылды микрофлораның қосымша қышқыл түзу белсенділігімен түсіндіріледі.

Күріш пен қарақұмық ұнтақтарын қолдана отырып бидай нанын опарасыз әдіспен және кешенді ашымалда дайындауда қамырдың көлемі сәйкесінше 1,8 – 2 есе, ал бақылау үлгісінде – 1,5 есе артатыны экспериментті түрде дәлелденді.

Кешенді ашымалды пайдалана отырып, бидай нанын дайындау барысында жетілдіру ұзақтығы 19%-ға қысқарды, ал опарасыз әдіспен дайындау барысында бақылаумен салыстырғанда өзгеріссіз қалды.

Зерттеу нәтижелеріне назар аудара отырып, ұнтақтарды бидай нанына қосу, дайындау тәсіліне қарамастан, бақылау үлгісімен салыстырғанда қамырдың физикалық-химиялық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

3.4.3 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының дайын өнімнің физика-химиялық органолептикалық және құрылымдық-механикалық сапа көрсеткіштеріне әсері

Дайын өнімнің физика-химиялық көрсеткіштері оның сапа көрсеткіштері мен сақтау тұрақтылығын сипаттайды. Осыған орай тәжірибелік үлгілердің көрсеткіштері зерттеліп, нәтижелері 17-кестеде көрсетілген.

Кесте 17 – Дайын өнімнің физика-химиялық сапа көрсеткіштері

| Көрсеткіштердің атауы       | Бидай нанының көрсеткіштерінің мәні |                                                       |                  |
|-----------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------------------|------------------|
|                             | Бақылау                             | Күріш және қарақұмық ұнтақтарының 5:10 арақатынасында |                  |
|                             |                                     | опарсыз әдіспен                                       | кешенді ашымалда |
| Ылғалдылығы, %              | 41,2±0,2                            | 41,3± 0,2                                             | 42,4± 0,2        |
| - тұтас наның               |                                     |                                                       |                  |
| - нан жұмсағының            | 47,0±0,2                            | 48,0±0,2                                              | 48,5±0,2         |
| Қышқылдығы,град             | 1,8±0,2                             | 2,8±0,2                                               | 6,0±0,8          |
| Үлес көлемі, см³/г          | 2,96±0,3                            | 2,96±0,3                                              | 2,51±0,3         |
| Кеуектілігі, %              | 78±3                                | 78±3                                                  | 73±3             |
| Ұшпа қышқылдарының мөлшері, |                                     |                                                       |                  |
| - град                      | 0,70±0,2                            | 0,8±0,2                                               | 2,05±0,2         |
| - жалпы қышқылдыққа, %      | 38,9±0,2                            | 28,6±0,1                                              | 34,2±0,2         |
| Қант мөлшері,               |                                     |                                                       |                  |
| - құрғақ затқа, %           | 4,32±0,2                            | 4,14±0,2                                              | 3,10±0,2         |
| - 100 г өнімге, г           | 2,54±0,2                            | 2,43±0,2                                              | 1,79±0,1         |

17-кестеден үлгілерде қышқылдықтың артқанын көреміз. Сондай-ақ ұшпа қышқылдары да өскен. Кеуектілігі кешенді ашымал қолданған үлгіде төмен болады. Қант мөлшірі ұнтақтар қосылған үлгілерді біршама азайды.


Дайын нанның сыртқы түрі мен жұмсағы сурет 15 а,б бейнелеген.



а)

*а* – сыртқы түрі; *б* – нан жұмсағының жағдайы. 1- бақылау үлгісі; 2 – күріш және қарақұмық ұнтақтары қосылған опарасыз әдіспен дайындалған бидай наны; 3 – күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде дайындалған кешенді ашымалда пісірілген бидай наны.

Сурет 15 – Нан-тоқаш өнімдерінің үлгілері, 1 бет



б)


Сурет 15, 2 бет

Ұнтақтар қосылған тәжірибелік үлгілерде байқалған нан қабығының қою қоңыр түсті болды. Бұл Майяр реакциясының болуымен түсіндіріледі. Демек,

пісіру барысында жоғары температурада тотықсызданған қанттардың ақуыздардағы аминқышқылдармен байланысты. Сонымен қатар ұнтақтардың құрамында табиғи пигменттердің болды. Және қамырдағы тотықсызданған қанттар мен қышқылдылық мөлшері жоғары болуымен түсіндіріледі. Аталған құбылыс табиғи сипатқа ие. Және өнімнің қауіпсіздігіне ешқандай әсерін тигізбейді. Керісінше нанға қара бидай нанына ұқсас тартымды талғамдық түс береді.

Нан-тоқаш өнімдерінің тәжірибелік үлгілерінің жұмсақтығы неғұрлым созылғыш және жұмсақ болуымен сипатталды. Ал үлгілердің кеуектілігі біркелкі болды. Және жұқа қабырғалы болды (сурет 156).

Дайын өнімнің сапасы органолептикалық бағаланды. Нәтижесі бойынша күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде дайындалған кешенді ашымалда пісірілген бидай нанының үлгілерінде жағымды қышқылдық дәмі болды. Және қоспаға тән хош иіс сезілгенін көрсетті. Ал, күріш және қарақұмық ұнтақтары қосылған опарасыз әдіспен дайындалған бидай нанының үлгілерінде дәмі тұщы болды. Ал хош иісі байқалмағандығын көрсетті. Дегустация нәтижелері 16-суретте органолептикалық профильдер түрінде келтірілді.




Сурет 16 – Нан-тоқаш өнімдерінің органолептикалық профильдері

Нанды сақтау барысында біршама өзгерістер болады. Мысалы, амилозаның ретроградациясы, крахмалдың синерезисі сияқты. Сонымен қатар жаңа байланыстардың түзілуімен бидай ақуызы, амилопектин және амилоза молекулалары өзара байланысады. Оған қоса жоғарыда аталған полимерлер арасында ылғалдың қайта бөлінеді. Сондықтан ақуыздық және көмірсу матриксінің құрылымында өзгерістер болады. Осының нәтижесінде нан жұмсағының құрылымын тығыздауға және оның реологиялық көрсеткіштерін өзгертуге алып келеді [153-158].

Бидай наны күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып дайындалды. Дайындалған өнім 24, 48 және 72 сағат сақтау аралықтарында зерттедік. Нан-тоқаш өнімдерінің балғындығын ұзартуға әсерін бақылау бойынша талдама жүргізілді. Нан-тоқаш өнімдерінің үлгілері нан жұмсағының ортасында 30-36 °С температураға дейін салқындатылғаннан кейін перфорацияланған полиэтилен қаптамаларға салынды.

Сақтау процесінде ылғалдың белсенді булануын шектеуге болады. Және барлық үлгілер үшін бірдей сақтау жай-күйін қамтамасыз ету үшін дайындалған өнімдер перфорацияланған полиэтилен пакетте сақталды. Және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 65-75%, 20±2°С (бөлме температурасы) жағдайында болды. Полиэтилен пакет сыртқы ортаның өзгермелі әсерін азайтады. Сақтау процесінде нан жұмсағының құрылымдық-механикалық қасиеттері мен ылғалдылығының өзгерістерін жан-жақты түрде салыстыруға мүмкіндік береді.


Зерттеудің бұл кезеңінің мақсаты нан-тоқаш өнімдерінің ылғалдылығы, үтілгіштігі мен нан жұмсағының физикалық қасиеті: қаттылық индексі сияқты құрылымдық-механикалық қасиеттерін сақтау кезіндегі өзгерістерді бақылау болды. 18-кестеде және 17,18,19-суреттерде зерттеудің нәтижелері келтірілген.



Сурет 17 – Нан-тоқаш өнімдерін сақтау процесі барысында нан үлгілері жұмсағындағы ылғалдың массалық үлесінің өзгеруі

Зерттеу нәтижелерін талдау 24-72 сағат аралығында нан өнімдерінің барлық үлгілерінің жұмсағында ылғалдылық төмен екендігі байқалды. Нақтырақ айтқанда, алғашқы 24-48 сағат аралығында ылғалды жоғалтудың ең белсенді кезеңі бақылау нанында көрінді (сурет 17).






Сурет 18 - Нан-тоқаш өнімдерін сақтау процесі барысында нан үлгілері жұмсағының үгітілгіштігінің өзгеруі

18-суреттен нан-тоқаш өнімдерін сақтау процесі барысында барлық нан үлгілері жұмсағында үгітілгіштігінің жоғарлағанын байқаймыз. Бұл ретте, бақылау үлгісі сақтау кезеңінің 72 сағат ішінде ең жоғары үгітілгіштікке ие болды. Бұл күріш және қарақұмық ұнтақтарын негізінде пісірілген нан-тоқаш өнімдерінің едәуір ұзақ сақтала алатынды деген сөз.

Нан-тоқаш өнімдерін сақтау процесінде зерттеулер жүргізілді. 48-72 сағат аралығында нан үлгілері жұмсағының ең аз үгітілгіштігі байқалды. Күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде дайындалған кешенді ашымалда дайындалған бидай нанында болды. Ал қалған үлгілерде ескіру процестерінің белсенділігі жоғары болды.



Сурет 19 - Нан-тоқаш өнімдерін сақтау процесі барысында нан үлгілері жұмсағының қаттылық индексінің өзгеруі



Зерттеу нәтижесінде дайындау технологиясына қарамастан, нан-тоқаш өнімдерінің барлық үлгілерін сақтау процесінде нан жұмсағының қаттылық индексі көрсеткіштерінің артқаны анықталды (сурет 19).

Кесте 18 – Сақтау процесінде нан-тоқаш өнімдері жұмсағының ылғалдылығы мен құрылымдық-механикалық қасиеттерінің өзгеруі

| Көрсеткіштердің атауы                                                            | Бидай нанының көрсеткіштерінің мәні |                                                    |                  |
|----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------------|------------------|
|                                                                                  | Бақылау                             | Күріш және қарақұмық ұнтақтарының 5:10 қатынасында |                  |
|                                                                                  |                                     | опарсыз әдіспен                                    | кешенді ашымалда |
| Нан жұмсағының ылғалдығы, %                                                      |                                     |                                                    |                  |
| 24 сағ кейін                                                                     | 47,0±0,4                            | 48,1±0,3                                           | 48,6±0,3         |
| 48 сағ кейін                                                                     | 46,2±0,5                            | 48,0±0,4                                           | 48,5±0,4         |
| 72 сағ кейін                                                                     | 46,0±0,6                            | 47,7±0,5                                           | 48,2±0,4         |
| Үгілгіштігі, %                                                                   |                                     |                                                    |                  |
| 24 сағ кейін                                                                     | 4,15±0,18                           | 1,88±0,12                                          | 1,66±0,10        |
| 48 сағ кейін                                                                     | 4,48±0,22                           | 3,43±0,18                                          | 3,83±0,20        |
| 72 сағ кейін                                                                     | 7,15±0,30                           | 6,10±0,28                                          | 4,38±0,24        |
| Нан жұмсағының физикалық қасиеттері: қаттылық индексі, г/[(г/см <sup>3</sup> )%] |                                     |                                                    |                  |
| 24 сағ кейін                                                                     | 26,1±1,2                            | 26,2±1,1                                           | 25,2±1,0         |
| 48 сағ кейін                                                                     | 33,9±1,5                            | 32±1,4                                             | 33,5±1,3         |
| 72 сағ кейін                                                                     | 37,3± 1,8                           | 34,1±1,6                                           | 39,8±1,9         |

Сақтау процесінде 48 сағаттан 72 сағатта опарсыз әдісте жағымсыз иіс пайда болды.

3.4.4 Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының сақтау процесі барысында нан-тоқаш өнімдерінің микробиологиялық тұрақтылығына әсері


Күріш пен қарақұмық ұнтақтарын көгеруге төзімділігі зерттелді. Нан үлгілерді опарсыз және кешенді ашыымалды пісірілді. Сақтау процесінде көгерудің өсуі опараасыз әдісте тез даамитыны анықталлды (сурет 20).

Ал 14 сағаттан кейін нан жұмсағының жабысқақтығы пайда болды. Екіншілік шикізат қоспай, бірінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған бақылау нанының үлгісінде 19 сағатта нан жұмсағының жағымсыз иісі болды. Ал жабысқақтығы 25 сағаттан кейін пайда болды. Күріш пен қарақұмық ұнтақтары


негізінде дайындалған кешенді ашымалда пісірілген бидай нанының үлгісінде картоп ауруымен ауырмады (сурет 21).

Нәтиже бойынша қамырды күріш және қарақұмық ұнтақтары негізінде жасалған кешенді ашымалда бидай нанын дайындау технологиясын қолдану *Bacillus subtilis*-ке антагонистік белсенділікті арттырды. Әрі картоп таяқшасы спораларының дамуын толығымен тежейтіні анықталды.

Нан сапасының микробиологиялық көрсеткіштері зерттелді. Қамырды қарақұмық және күріш ұнтақтарын қосу арқылы жасалған кешенді ашымалда бидай нанын пісіру технологиясы нанның көгеруге төзімділігін жоғарылатты. Сонымен қатар картоп ауруының дамуын толықтай тежейтіні анықталды.



Сурет 20 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының көгеруге төзімділігіне әсері



Сурет 21 – Күріш және қарақұмық ұнтақтарын пайдалана отырып бидай нанын дайындау технологиясының картоп нан ауруына төзімділігіне әсері


### 3.5 «Береке» қайнатпа нанының технологиясы мен рецептурасын әзірлеу

Жүргізілген зерттеулер мен тәжірибелер аясында белгілі болған нәтижелер кешенді ашымалда дайындалған «Береке» қайнатпа нанының технологиясы мен рецептурасын әзірлеуге мүмкіндік берді.

«Береке» қайнатпа нанының қамыры 19-кестеде көрсетілген рецептура мен дайындау режимі бойынша дайындалды.

Кесте 19 – «Береке» қайнатпа нанын дайындау рецептурасы мен режимдері

| Шикізаттың және процесс көрсеткіштерінің атауы | Жалпы ұн қоспасының 100 кг-на шаққандағы шикізат шығыны |        |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|--------|
|                                                | Өндірістік циклінің кешенді ашымалы                     | Қамыр  |
| 1                                              | 2                                                       | 3      |
| Бірінші сұрыпты наубайханалық бидай ұны, кг    | -                                                       | 83     |
| Аралық кезең ашымалы, кг                       | 4,76                                                    | -      |
| Кешенді ашымал, кг                             | -                                                       | 47,6   |
| Күріш ұнтағы, кг                               | 4,5                                                     | -      |
| Қарақұмық ұнтағы, кг                           | 9,0                                                     | -      |
| Ферменттелмеген арпа уыты, кг                  | 1,8                                                     | -      |
| Престелген наубайханалық ашытқы, кг            | -                                                       | 1,5    |
| Ас тұзы, кг                                    | -                                                       | 1,5    |
| Қант, кг                                       | -                                                       | 3,0    |
| Су, кг                                         | 27,54                                                   | 40,28  |
| Жалпы, кг                                      | 47,6                                                    | 176,88 |
| Ылғалдығы, %                                   | 68,6                                                    | 48     |
| Қышқылдық соңғы, град                          | 22,0                                                    | 8,2    |
| Температура бастапқы, °С                       | 31                                                      | 29     |
| Ұзақтығы                                       |                                                         |        |
| - ашыту, сағ                                   | 18                                                      | 1      |
| - жетілдіру, мин                               | -                                                       | 43-45  |
| - пісіру, мин                                  | -                                                       | 23     |
| Пісіру температурасы, °С                       | -                                                       | 200    |
| Қамыр дайындамасының массасы, г                | -                                                       | 450    |



Сурет 22 – «Береке» қайнатпа наны өндірісінің технологиялық сұлбасы

3.5.1 Өзірленген нанның тағамдық және энергетикалық құндылығын есептеу

«Береке» қайнатпа нанының тағамдық және энергетикалық құндылығы 100 г өнімдегі тағамдық заттардың құрамы бойынша анықталды.

Нан өнімдерінің химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы бойынша мәліметтер 20-кестеде көрсетілген.

Кесте 20 – Нан өнімдерінің химиялық құрамы мен тағамдық құндылығының көрсеткіштері

| Көрсеткіштердің атауы             | 100 г өнімдегі мөлшері |                        |
|-----------------------------------|------------------------|------------------------|
|                                   | Бақылау                | «Береке» қайнатпа наны |
| Ақуыздар, г                       | 8,17±0,03              | 12,97±0,05             |
| Майлар, г                         | 0,99±0,02              | 6,0±0,07               |
| Көмірсулар, г                     | 44,35±0,68             | 33,46±0,24             |
| Тағамдық талшықтар, г             | 2,63±0,03              | 2,85±0,03              |
| Дәрумендер, мг:                   |                        |                        |
| Е                                 | 1,3±0,03               | 0,768±0,05             |
| РР (ниацин)                       | 0,42±0,01              | 0,279±0,056            |
| В <sub>2</sub> (рибофлавин)       | 0,03±0,01              | 0,050±0,021            |
| В <sub>5</sub> (пантотен қышқылы) | -                      | 0,074±0,013            |
| В <sub>6</sub> (пиридоксин)       | -                      | 0,046±0,009            |
| Минералды заттар, мг:             |                        |                        |
| Темір                             | 0,95±0,08              | 5,47±0,05              |
| Натрий                            | 381,71±2,4             | 355,19±2,10            |
| Магний                            | 12,54±0,06             | 75,78±0,51             |
| Кальций                           | 17,35±0,25             | 30,21±0,06             |
| Калий                             | 94,84±1,60             | 268,93±0,97            |
| Фосфор                            | 67,48±1,53             | 218,66±1,05            |
| Энергетикалық құндылығы, ккал     | 219,0                  | 239,72                 |

Зерттеудің келесі кезеңінде «Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі топтары үшін энергия мен тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктер нормаларына» сәйкес «Береке» қайнатпа нанын тұтыну кезінде тағамдық заттарға қанағаттану дәрежесі анықталды.

21-кестеде және 23-суретте 250 г нан-тоқаш өнімдерін тұтыну кезінде адамның негізгі тағамдық заттар мен энергияға тәуліктік физиологиялық қажеттілігін қуәландыратын деректер келтірілген.

Кесте 21 – 250 г нанды тұтыну кезінде ересек адамның тағамдық заттарға тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыру

| Негізгі тағамдық заттардың атауы | Тәуліктік қажеттілік [159] | Бақылау |       | «Береке» қайнатпа наны |      |
|----------------------------------|----------------------------|---------|-------|------------------------|------|
|                                  |                            | г       | %     | г                      | %    |
| Ақуыздар, г                      | 104                        | 20,4    | 19,6  | 32,4                   | 31,2 |
| Майлар, г                        | 100                        | 2,5     | 2,5   | 15                     | 15   |
| Көмірсулар, г                    | 360                        | 110,9   | 30,8  | 83,6                   | 23,2 |
| Тағамдық талшықтар, г            | 38,6                       | 6,6     | 17    | 7,1                    | 18,4 |
| Дәрумендер, мг/:                 |                            |         |       |                        |      |
| Е                                | 26                         | 3,3     | 12,7  | 1,9                    | 7,3  |
| РР (ниацин)                      | 18,6                       | 1,0     | 5,4   | 0,7                    | 3,8  |
